

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық, жергілікті атқарушы органдар және өзге де ұйымдар (келісу бойынша) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар және өзге де ұйымдар (келісу бойынша) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына сәйкес ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы желтоқсандағы
№ 988 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

1-бөлім. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)
	"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласы; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа

<p>Әзірлеу үшін негіздеме</p>	<p>мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы; "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Ж а р л ы ғ ы ; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы 23 қаңтардағы Жастар жылының ашылуында және 2019 жылғы 27 ақпандағы "Nur Otan" партиясының XVIII съезінде берген тапсырмасы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу" сайлауалды бағдарламасын және "Бірге" жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 27 Жарлығы; Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы.</p>
<p>Бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган</p>	<p>Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі</p>
<p>Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар</p>	<p>Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі; Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі; Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі; Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі; Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі; Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі; Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі; Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі; Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі; Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі; Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі; Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.</p>
<p>Бағдарламаның мақсаты</p>	<p>1. Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту. 2. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру.</p>
	<p>1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді ж а ң ғ ы р т у . 2. Қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту. 3. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету. 4. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу. 5. Экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік</p>

Міндеттері	<p>даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету.</p> <p>6. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.</p> <p>7. Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.</p> <p>8. Білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің вертикалін енгізу.</p> <p>9. Ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту.</p> <p>10. Ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру.</p> <p>11. Ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету.</p>																																				
Іске асыру мерзімдері	2020 – 2025 жылдар																																				
Нысаналы индикаторлар	<p>1. 1-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 85,3 %, 3-6 жас аралығындағы балаларды 100 % қамту.</p> <p>2. PISA (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) халықаралық зерттеуіндегі 15 жастағы қазақстандық оқушылардың нәтижелері – математика – 480 балл, оқу – 450 балл, ғылым және жаратылыстану – 490 балл.</p> <p>3. Қазақстан Республикасындағы балалардың әл-ауқаты индексі – 0,73 балл.</p> <p>4. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беретін (бұдан әрі – ТЖКБ) оқу орындарын бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі – 75 %.</p> <p>5. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары оқу орындарын (бұдан әрі – ЖОО) бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі – 75 %.</p> <p>6. Ғылымға ЖІӨ-ден жұмсалатын шығыстардың үлесі – 1 %.</p> <p>7. Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) платформасындағы ақпараттық ресурстардың деректері бойынша 2018 жылы (4873 бірлік) жарияланымдардың жалпы санынан рейтингтік басылымдардағы қазақстандық жарияланымдардың өсімі – 88 %.</p> <p>8. Ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы (Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (бұдан әрі – ДЭФ ЖБИ) – 63 орын.</p>																																				
Қаржыландыру көздері және көлемі	<p>Бағдарламаны іске асыру үшін 2020 – 2025 жылдары 11 578 млрд. теңге (республикалық бюджет (бұдан әрі – РБ) – 9 565 млрд. теңге, (жергілікті бюджет (бұдан әрі – ЖБ) – 716 млрд. теңге, Дүниежүзілік банк (бұдан әрі – ДБ) – 13 млрд. теңге, жеке инвестициялар – 1 284 млрд. теңге) мөлшерінде бюджет қаражаты жұмсалатын болады, оның ішінде:</p> <table border="1"> <tr> <td>2020</td> <td>–</td> <td>1</td> <td>161</td> <td>млрд.</td> <td>теңге</td> </tr> <tr> <td>2021</td> <td>–</td> <td>1</td> <td>336</td> <td>млрд.</td> <td>теңге</td> </tr> <tr> <td>2022</td> <td>–</td> <td>1</td> <td>708</td> <td>млрд.</td> <td>теңге</td> </tr> <tr> <td>2023</td> <td>–</td> <td>2</td> <td>311</td> <td>млрд.</td> <td>теңге</td> </tr> <tr> <td>2024</td> <td>–</td> <td>2</td> <td>383</td> <td>млрд.</td> <td>теңге</td> </tr> <tr> <td>2025</td> <td>–</td> <td>2</td> <td>679</td> <td>млрд.</td> <td>теңге</td> </tr> </table> <p>сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат.</p>	2020	–	1	161	млрд.	теңге	2021	–	1	336	млрд.	теңге	2022	–	1	708	млрд.	теңге	2023	–	2	311	млрд.	теңге	2024	–	2	383	млрд.	теңге	2025	–	2	679	млрд.	теңге
2020	–	1	161	млрд.	теңге																																
2021	–	1	336	млрд.	теңге																																
2022	–	1	708	млрд.	теңге																																
2023	–	2	311	млрд.	теңге																																
2024	–	2	383	млрд.	теңге																																
2025	–	2	679	млрд.	теңге																																

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігінің, мемлекеттік жекешелік әріптестіктің мүмкіндігіне қарай және басқа да балама көздерді тарта отырып нақтыланатын болады.

2-бөлім. Кіріспе

Қазақстанда білім беруді және ғылымды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. 2015 жылы республика өзіне Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарына, оның ішінде бәрін қамтитын және әділ сапалы білім беруді және баршаға арналған өмір бойы оқу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз етуді көздейтін 4-мақсатына қол жеткізу бойынша міндеттемелерді қабылдады. Оған қол жеткізу үшін әлемдегі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалды: мектепалды даярлықты қамтамасыз ету, 12 жылдық мектеп білімінің моделі, оқушылардың бойында 21 ғасыр дағдыларын дамыту, арзан және сапалы ТЖКБ мен жоғары білімге тең қол жеткізу. Аталған бағыттар қазақстандық білім беру жүйесі үшін де басым болып табылады.

2017 жылы Қазақстан ЭЫДҰ-ның екі бейінді комитеті – Білім беру саясаты комитеті мен Ғылыми және технологиялық саясат комитетінің қатысушысы болды, бұл қазақстандық білім жүйесі жетістіктерінің халықаралық танылғанын куәландырады.

Алайда отандық білім және ғылым жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар. Қазақстан халқының сауаттылық және құзыреттілік деңгейін бағалау әлемнің көптеген елдерінен елеулі артта қалғанын куәландырады. ЭЫДҰ-ның ересектердің (16-65 жас) құзыреттілігін халықаралық бағалау бағдарламасының (PIAAC) нәтижелері бойынша Қазақстан оқу бойынша 34-орынды, математикалық сауаттылықтан (39 елдің ішінен) 33-орынды және ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласындағы сауаттылық бойынша (36 елдің ішінен) 32-орынды иеленді. Қазақстанның нәтижелері ЭЫДҰ-ға қатысушы елдердің және Ресей Федерациясының орташа көрсеткішінен (оқу бойынша 9-орын және математикалық сауаттылық бойынша 15-орын) әлдеқайда төмен. Білім және ғылым жүйесіндегі бұл жағдай өзгермейтін болса, таяу перспективада ұлттық адами капитал одан әрі нашарлап, кәсіби кадрлардың азаюы және еліміздің экономикалық әлеуетінің төмендеуі орын алады.

Үздік отандық және әлемдік практикаларға сәйкес білім және ғылым жүйесін одан әрі дамыту жөнінде шұғыл шаралар қажет. Мысалы, ЭЫДҰ-ға мүше елдер мен әріптестердің саясатына жасалған шолуға (Education Policy Outlook 2018) сәйкес білім берудегі мемлекеттік саясаттың басты назары алты салада шоғырланады: (1) теңдік және сапа, (2) білім алушыларды болашаққа дайындау, (3) білім беру ұйымдарын жақсарту, (4) бағалау жүйесі, (5) басқару және (6) қаржыландыру. Бұл ретте елдер ағымдағы даму деңгейіне және қолда бар мүмкіндіктерге байланысты өздерінің күш-жігерін аса маңызды міндеттерді шешуге бағыттайды. Көрсетілген салалар шеңберінде көптеген елдер мынадай басымдықтарды белгілейді:

отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан білім алушылардың мүмкіндіктерін теңестіру;

түлектер дағдыларының экономика талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

педагогтердің кәсіби дамуы және жоғары мәртебесі;

жұмыс берушілерді кадрлар даярлауға тарту;

білім беру жүйесін және білім беру ұйымдарын бағалау;
басқарудың тиімді құрылымын құру;
мүдделі тараптармен қарым-қатынас құру;
қаржы ресурстарын тиімді пайдалану.

ЭЫДҰ STIP Compass деректер базасына сәйкес ғылым, технологиялар және инновациялар саласындағы саясаттың негізгі мәселелері басқару, қаржыландыру, зерттеушілік мансап, PhD және постдокторантура бағдарламалары болып саналады.

Халықаралық бағалар мен практикаларды, алынған міндеттемелер мен қол жеткізілген нәтижелерді ескере отырып, Қазақстан таяудағы 6 жылда білім және ғылым сапасын жақсарту жөнінде түбегейлі шаралар қабылдауы қажет. Осыған байланысты Бағдарлама негізгі анықталған проблемаларды шешуге, білім және ғылым жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ЭЫДҰ елдерінің үздік практикаларына жақындау үшін оны дамытуға бағытталған.

Білім және ғылым сапасын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру нәтижесінде 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100 % қамтуға, 3 ауысымда оқытуды жоюға, ауылдық жерлерде тірек мектептерді интернаттармен 100 % қамтамасыз етуге, 150 және одан да көп оқушы оқитын мектептерде дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін жағдай жасауға қол жеткізу күтіледі, кабинеттер мен мұғалімдер 100 % компьютерлік техникамен қамтамасыз етіледі, 180 тірек колледжін қазіргі заманғы жабдықтармен және бағдарламалармен 100 % қамтамасыз ету, жоғары білімді қаржыландыру 2 есеге, ғылымды қаржыландыру 7 есеге (43-тен 358 млрд. теңгеге дейін) ұлғаяды.

3-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – 2016 – 2019 жылдарға арналған бағдарлама) қорытындылары қойылған мақсаттар мен міндеттердің 93,4 %-ға орындалғанын көрсетеді. Мысалы, 2019 жылға қарай 2016 – 2019 жылдарға арналған бағдарламаның 5 бағыты бойынша 8 нысаналы индикатор мен 52 көрсеткішке қол жеткізу, 170 іс-шараны орындау жоспарланды. Барлық 8 нысаналы индикаторға қол жеткізілді, оның ішінде 2-еуі асыра орындалды. Есепті кезеңге жоспарланған 50 көрсеткіштің 46-сына (92 %) жоспарлы түрде қол жеткізілді, 1-еуіне (6 %) қол жеткізілген жоқ, 3-еуі (2 %) ішінара орындалды.

2016 – 2019 жылдарға арналған бағдарлама іске асырылған 3 жылда мектепке дейінгі ұйымдардың желісі 1480 бірлікке (2016 жылы – 9 410, 2017 жылы – 9 828, 2018 жылы – 10 334) ұлғайды. Нәтижесінде 3-6 жастағы балалардың 95,2 %-ы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылды (2016 жылы – 85,8 %, 2017 жылы – 90,5 %, 2018 жылы – 95,2 %).

Орта білім беруде жаңартылған оқу мазмұнына көшу жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. 372 жаңа мектеп пайдалануға берілді. 437 мемлекеттік мектеп жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшті. Мемлекеттік тапсырысты 80 жекеменшік мектеп алды.

"Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасы шеңберінде 94,8 мың орынға мемлекеттік тапсырыс бөлінді. Жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту туралы заң қабылданды. 3 жылдың ішінде шетелдік студенттер саны 8,9 мың адамға артты (2016 жылы – 12 837 адам, 2017 жылы – 13 898 адам, 2018 жылы – 21 727 адам).

Әлемнің үздік университеттерінің QS халықаралық рейтингіндегі қазақстандық ЖОО саны 10-ға дейін өсті. Times Higher Education рейтингіне алғаш рет екі қазақстандық жоғары оқу орны кірді.

Бизнес тарапынан ғылыми қызметті бірлесіп қаржыландыру үлесі артты. Бизнесің ғылымға қосқан үлесі 3 жыл ішінде 4,8 млрд. теңгені құрады.

Білім және ғылым саласының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметтерді ұсыну, ғылыми гранттарға өтінім беру және есептерді қабылдау бойынша бірқатар рәсімдер цифрландырылды.

Бағдарламаны талдамалық және ақпараттық-медиалық сүйемелдеу.

Халықтың және нысаналы аудиториялардың (ата-аналар, педагогтер, білім алушылар және т.б.) білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты оң қабылдауы мен түсінуін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы теріс және резонанстық тақырыптарға ақпараттық ден қоюы жөнінде шаралар қабылдау үшін 2016 – 2019 жылдарға арналған бағдарламаны талдамалық және ақпараттық-медиалық сүйемелдеу бойынша жоба (бұдан әрі – PR-жоба) іске асырылды.

PR-жобаның алдыңғы жылдары іске асырылуын талдау білім және ғылым саласындағы жаңалықтарға қоғамның теріс реакциясының алдын алу, жұртшылық тарапынан айтылатын сынға уақтылы ден қою және халықтың нысаналы топтары арасында Бағдарламаның идеяларын жалпы ілгерілету бойынша өткізіліп жатқан іс-шаралардың тиімділігін көрсетті.

PR-жоба шеңберінде білім және ғылым саласында жүргізіліп жатқан саясатқа халықтың қанағаттану деңгейіне әлеуметтік сауалнама жүргізу көзделген. Нәтижелерге сәйкес сұралғандардың 22,3 %-ы толық қанағаттанғанын, жартысынан астамы (50,2 %) қанағаттануы мүмкін екенін айтқан. Алайда респонденттердің төрттен бір бөлігі теріс баға берген, оның ішінде 20,1 %-ы білім беру жүйесінің дамуымен қанағаттанбауы мүмкін екенін және 7,5 %-ы мүлдем қанағаттанбайтынын жеткізген.

Мына мәселелер өзекті болып қалуда.

Педагог кәсібінің мәртебесін көтеру және педагогикалық білім беруді жаңғырту

2016 – 2019 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру кезеңінде педагог кадрлардың саны жарты миллион адамнан асты. Бұл ретте жыл сайын білім беру саласындағы мамандардың жаппай даярланып шығарылуына қарамастан, педагог кадрларға деген қажеттілік әлі де сақталуда. Мектептерге, атап айтқанда, ауылдық жерлердегі мектептерге білікті мұғалімдерді тарту және ұстап қалу бойынша пәрменді тетіктер жоқ: жол және тұрғын үй субсидиялары, жеңілдіктер мен преференциялар және т.б. Педагогикалық мамандықтарға көбінесе Ұлттық бірыңғай тестілеуде (бұдан әрі – ҰБТ) төмен балл алған талапкерлер түседі. Білім беру жүйесі талантты мұғалімдерді ұстап қалуға ықпал етпейді. Педагогтердің 35 %-ы басқа салаларға кетеді. Ынталы үміткерлер үшін педагогикалық кәсіппен айналысудың балама тетіктері жоқ.

Мұғалімнің мансаптық өсуінің жаңа жүйесін (педагог, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-мастер) енгізудің арқасында жалақы лауазымдық жалақыдан 30%-дан 50%-ға дейін ұлғайды. Сонымен қатар пәндерді ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерге базалық лауазымдық жалақыдан 200 % мөлшерінде қосымша ақы белгіленді.

Алайда білім беру саласындағы жалақы экономика бойынша ең төменгілердің бірі болып қалуда (102 875 мың теңге, еліміз бойынша орташа еңбекақы 163 мың теңге), бұл білікті кадрлардың келуін тежейтін жағымсыз фактор болып табылады. ЭЫДҰ TALIS-2018 зерттеуінің нәтижелеріне сәйкес қазақстандық мұғалімдердің 96 %-ы өздерінің жалақысын арттыру білім беру бюджетін ұлғайту кезінде ең басым міндет болуы тиіс деп есептейді.

Мұғалімдерді оларға тән емес функциялардан босату бойынша шаралар қабылданды. 2017 жылдан бастап жалпыға бірдей оқыту шеңберінде шағын аудандарда аулаларды аралау жойылды, пән мұғалімдері толтыруға жататын құжаттардың тізбесі бекітілді. Алайда мұғалімдерді оларға тән емес жұмысқа тарту жалғасуда. TALIS-2018 нәтижелері бойынша 48 қатысушы елдің ішінде қазақстандық мұғалімдер жүктемелері көптердің қатарына жатады (2-орын). Бұл ретте осы жүктеменің негізгі бөлігін (69 %) сабақтан тыс қызмет (ЭЫДҰ бойынша орташа алғанда – 47 %) құрайды. Қазақстандық мұғалімдердің шамадан тыс жүктемесі көп жағдайда жұмыс уақытын нақты нормалаудың болмауына байланысты.

Мектепке дейінгі білім беруде педагог қызметкерлердің 41,8 %-ының "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша білімі жоқ, 54 %-ының біліктілік санаты жоқ. Қосымша білім беретін 22 мың педагог үшін біліктілікті арттыру жүйесі қарастырылмаған.

4 жыл ішінде ТЖКБ жүйесіндегі арнайы пәндер оқытушылары мен шеберлеріне деген қажеттілік 2,5 есеге өсті.

Осылайша, педагог кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жүйесіндегі оң өзгерістерге қарамастан, білікті педагог кадрларды тартуға және ұстауға кері әсер ететін бірқатар проблемалар сақталуда. Осыған байланысты Бағдарламада елдің

педагогикалық әлеуетін дамытуға кедергі келтіретін проблемаларды шешу жөнінде шаралар көзделген.

Қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту

Халықаралық зерттеулерде мектепке дейінгі ұйымға бару және мектептегі білім жетістіктерінің нәтижелері арасындағы оң байланыс анықталды. PISA зерттеуі ЭЫДҰ елдерінде кемінде бір жыл балабақшаға барған бала мектепте өз құрдастарынан 1,5 жылға (PISA-2015: +50 балл) алда болатынын көрсетеді. Қазақстанда бұл көрсеткіш екі жарым есе төмен (+20 балл), бұл мектепке дейінгі білім беру сапасының төмендігін куәландырады. Мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасы да ата-аналар тарапынан көптеген шағымдар тудырады (ЭЫДҰ, 2018). ЭЫДҰ сарапшыларының ұсынымдарына сәйкес Қазақстан сәби жасындағы балаларға ерекше назар аударуы және 3 жасқа толмаған балаларға арналған мектепке дейінгі білім беруді белсенді түрде ілгерілетуі қажет. Сондықтан 1 жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын қамтамасыз ету талап етіледі.

Халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері мектепте білім беру сапасында үлкен алшақтық сақталып отырғанын куәландырады. Мысалы, Қазақстан ЭЫДҰ-ның 15 жастағы білім алушыларды бағалау жөніндегі PISA (2009, 2012, 2015, 2018) халықаралық бағдарламасына және білім беру сапасын бағалау жөніндегі IEA халықаралық қауымдастығының оқу, жаратылыстану және математикалық сауаттылық бойынша TIMSS (2007, 2011, 2015, 2019) зерттеуіне төрт рет қатысты. Зерттеу қорытындысы өңірлер, аумақтар (қала-ауыл), оқыту тілі мен отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бойынша үлгерімдерде айтарлықтай алшақтық бар екенін анықтады. Мысалы, өңірлер бөлінісінде PISA-ның ең төмен және жоғары көрсеткіштері арасындағы айырмашылық 3 оқу жылына сәйкес келеді. Унитарлық мемлекет үшін мұндай жағдайдың қалыптасуына жол берілмейді.

Білім берудегі теңсіздік қазіргі әлемде рөлі артып келе жатқан қосымша және формальды емес білімге қол жеткізудегі теңсіздікпен күшейе түседі. Бүгінгі таңда жас адамның өмірінде оқытудың 70 %-ға жуығы формальды емес білім беру жағдайында: отбасында, құрдастар тобында, жастар ұйымдарында, үйірмелерде өтуде. ЭЫДҰ-ның 22 елінде және ЭЫДҰ-ға әріптес 14 елде сыныптан тыс ғылыми іс-шаралар көп өткізілетін мектеп оқушыларының осындай іс-шара аз өткізілетін мектептің оқушыларына қарағанда PISA-дағы жаратылыстану ғылыми сауаттылық деңгейі анағұрлым жоғары екенін көрсетті. ЭЫДҰ елдерінде орташа есеппен оқушылардың 56 %-ы ғылыми жарыстарға қатысады, оқушылардың 48 %-ы сыныптан тыс ғылыми жобаларға барады.

Қазақстанда 2018 жылы 993 779 бала (2016 жылы – 651 409 адам, 2017 жылы – 947 327 адам) мектептен тыс қосымша білім беретін ұйымдарда білім алды және 1 645 295

бала (2016 жылы – 977 125, 2017 жылы – 1 417 639) мектеп үйірмелеріне барды. Сонымен қатар ауылдық жерлердегі балаларды (35,5 %), аз қамтылған отбасылардағы балаларды (68,0 %), сондай-ақ ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды (54,7 %) қосымша біліммен қамту төмен деңгейде сақталуда. Ақылы қосымша қызметтердің басым болуы қосымша білімнің қолжетімділігін шектейтін фактор болып табылады. Мектептен тыс ұйымдарда балалардың тек 22,5 %-ы ғана ақысыз негізде қосымша білім алады. Осыған байланысты қосымша білім беруде жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу қажет.

ТЖКБ бағдарламаларына барынша кең қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін 2017 жылдан бастап "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасы іске асырылуда. Сонымен қатар колледж студенттерінің жатақханаларға мұқтаждығы сақталуда. 2018 жылы жатақхананы қажет ететін студенттердің 26 %-ы қамтамасыз етілмеген.

Жоғары білім алуға қол жеткізу соңғы жылдары айтарлықтай кеңейе түсті. Мемлекеттік білім беру гранттарының саны артуда. Алайда оларды бөлу кезінде талапкердің отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі ескерілмейді, ал талапкердің үлгерімі іс жүзінде жалғыз анықтаушы өлшемшарт болып табылады, ол әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан жастардың жоғары білім алуына қол жеткізуде теңсіздікті күшейтеді.

Осыған байланысты барлық деңгейлерде білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту және оған қол жеткізу бойынша кешенді шаралар қабылдау қажет.

Балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүру жағдайларын жақсарту

Балалардың, оның ішінде өмірде қиын жағдайға тап болған балалардың құқықтарының бұзылуына уақтылы ден қоюдың жеткілікті дамымаған жүйесі, білім беру ұйымдарының едәуір бөлігінде инклюзивті білім беру және қарапайым ыңғайлылық үшін жағдайлардың болмауы балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруіне қауіп төндіреді.

ЮНИСЕФ-тің 2017 жылғы зерттеулерінің деректеріне сәйкес Қазақстанда мектеп оқушыларының үштен екісі оқушылар немесе мұғалімдер тарапынан зорлық-зомбылықты бастан кешіреді немесе куәгерлер болып табылады. Жыл сайын ішкі істер органдарының есебінде тәуекел аймағында тұрған 7 мыңға жуық кәмелетке толмаған, 10 мың тұрмысы қолайсыз отбасы тұр. 3 мыңнан астам бала қылмыс жасайды. 2018 жылы балаларға қатысты 2125 қылмыс жасалды, 2277 кәмелетке толмаған бала құрбан болды (2017 жылға қарағанда 5,5 %-ға жоғары).

Балалар суицидінің өсуі сақталуда (2018 жылы балалар арасында жасалған өз-өзіне қол жұмсау саны 178 жағдайды құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 6,6 %-ға көп).

Балабақшалардың тек 20 %-ы, мектептердің 60 %-ы, колледждердің 30 %-ы ғана инклюзивті білім беруге жағдай жасаған. Сапалы инклюзивті білім берумен мектепке дейінгі жастағы балалардың бар-жоғы 28,2 %-ы және ерекше білім берілуіне

қажеттіліктері бар мектеп оқушыларының 46,5 %-ы қамтылған. Инклюзивті ортада балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін мамандардың тапшылығы 64 %-ды құрайды.

2018 жылдың деректері бойынша 2535 мектепте тек ауладағы дәретханалар бар, 1629 мектепте су тасымалданады, 1093 мектепте ыстық су жоқ, 1800 мектеп бейнекамерамен қамтылмаған.

2018 жылы халықаралық және қазақстандық тәжірибені ескере отырып, балалардың қауіпсіздігін, қолайлы жағдайлары мен әл-ауқатын жүйелі мониторингілеу, проблемаларды уақтылы анықтау және шешімдерді жедел қабылдау үшін көрсеткіштер жүйесі мен Балалардың әл-ауқатының индексі әзірленді. Бұл индекс барлық өмірлік маңызды салаларды қамтиды: материалдық әл-ауқат, денсаулық, білім беру, қауіпсіздік және тәуекелдер, әлеуметтендіру.

Жаһандық әл-ауқат индексі бойынша елдерді салыстыру үшін "0"-ден "1"-ге дейінгі шкала қолданылады, мұнда "1" – ең жоғары әл-ауқат деңгейі.

2017 жылдың нәтижелері бойынша елдердің рейтингінде Швейцария бірінші орынды иеленді, оның индексі 0,83 балды құрады. Соңғы орын 0,38 балмен Нигерияға тиесілі.

Қазақстанда 2018 жылдың пилоттық жобасының қорытындысы бойынша Балалардың әл-ауқатының индексі 0,68 балды құрады.

Сонымен қатар 2019 жылғы 10 айда балаларға қатысты салалардың көптеген бағыттары бойынша оң динамика және мемлекет қабылдаған шараларға байланысты өмір сүру сапасын жақсарту үрдісі байқалады.

Осыған байланысты 2022 жылы индекстің бастапқы есебі 0,70 балл, 2025 жылға қарай 0,73 балл болады деп болжануда.

Индексті енгізу Қазақстанға балалардың қаншалықты қолайлы жағдаймен қамтамасыз етілгенін анықтауға, балалардың түрлі салалардағы жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық саясаттың тиімділігін қадағалауға, балалық шақ саласындағы халықаралық рейтингтерде барынша жоғары деңгейге көтерілуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына енуіне ықпал ететін болады.

Индексті кейіннен сынақтан өткізу және толық ауқымды енгізу қажет.

Бұдан басқа балалар үшін қауіпсіз және жайлы орта құруға арналған мемлекеттік шығындардың тиімділігін арттыру үшін үздік әлемдік практиканы пайдалану қажет. Бүгінгі таңда Қазақстанда балалық шақты қаржыландыру түрлі мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларымен жүзеге асырылады. Халықаралық практикада мемлекеттік бюджеттің атаулы шығысының тиімді құралы шоғырландырылған балалар бюджеті болып табылады. Мұндай бюджетті қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және оның жыл сайынғы өсуін қарастыру қажет.

Білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалау жүйесін жетілдіру

Жаңартылған мазмұн шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемшарттық жүйесі енуде, ол өңірдің, мектептің орналасқан жеріне және оқыту тіліне қарамастан оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және тең бағалауды қамтамасыз етеді.

Орта білім беру сапасын бағалаудың тиімділігін арттыру үшін ҰБТ екі кезеңге бөлінді: мектептегі қорытынды аттестаттау және жоғары оқу орнына түсу емтиханы. 2019 жылдан бастап ҰБТ ақылы негізде ЖОО-ға түсу үшін жылына 4 рет өткізіледі. Жоғары білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз етудің балама тетігі ретінде негізгі немесе қайта тестілеу нәтижелері бойынша шекті деңгейден өтпеген талапкерлер үшін ЖОО-ға "шартты түрде қабылдау" жүйесі енгізілді.

Бұл ретте білім алушыларды бағалау жүйесі жетілдіруді қажет етеді. Атап айтқанда, PIRLS, PISA, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің құралдарына, сондай-ақ SAT тестілеріне ұқсас функционалдық сауаттылық пен құзыреттілікті өлшеуге бағытталған сұрақтарға қатысты ҰБТ, оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ) мазмұнын қайта қарау қажет.

2018 жылдың мамыр айынан бастап қазақстандық педагогтер аттестаттаудың жаңа жүйесіне көшті. Жаңа жүйе бойынша педагог кадрлардың 42,5 %-ы аттестаттаудан өтті (14,1 % – педагог-зерттеуші және педагог-шебер санаты, 15,6 % – педагог-сарапшы санаты, 12,8 % – педагог-модератор санаты). Жинақталған тәжірибе мен халықаралық практиканы ескере отырып, педагог кадрларды аттестаттау жүйесін одан әрі жетілдіру талап етіледі.

Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар желісінің өсуін ынталандыру үшін 2011 жылдан бастап мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын лицензиялау тоқтатылды. Осы кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар желісі 1,5 есе өсті, бұл ретте жекеменшік ұйымдар 7 еседен асты (2011 ж. – 449 бірлік, 2018 ж. – 3749 бірлік). Сонымен қатар жұртшылық тарапынан балабақшалардың материалдық-техникалық жабдықталуына және ондағы тәрбие процесінің сапасына қатысты сын айту жағдайлары жиілеп кетті.

2017 жылдың қаңтарынан бастап жоғары оқу орындарын мемлекеттік аттестаттау халықаралық аккредиттеумен алмастырылды, ал 2018 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептер мен колледждерді мемлекеттік аттестаттау профилактикалық-алдын алу сипатына қайта бағдарланды және одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Қосымша білім беру ұйымдарын бағалау жүйесі және оның оқушылардың жетістіктеріне әсері жоқ. Осыған байланысты қосымша білім беру сапасына қол жеткізу факторлары мен шарттарын айқындау бойынша зерттеулер жүргізу қажет.

Экономиканың және өңірлердің қажеттілігіне сәйкес білім беру мен кәсіби даярлықтың сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету

Білім берудің әрбір деңгейіндегі оқыту мазмұны жалпы әдіснамалық шеңберге біріктірілмеген әртүрлі мақсаттар мен күтілетін нәтижелерге құрылады. Қажетті білім, дағды және құзыреттер жиынтығына ие Қазақстан азаматының моделін (бейнесін) айқындайтын өмір бойы оқытудың бірыңғай тұжырымдамасы жоқ.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны 5 білім беру саласы бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған: денсаулық, коммуникация, таным, шығармашылық және социум. Мектептер кезең-кезеңімен жаңартылған бағдарламаларға өтуде, ол кең спектрлі дағдыларға баса назар аударады: білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ пайдалану, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау. Техникалық және кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары білім алушылардың кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу кезінде студент оқытудың 5 нәтижесін көрсетуі тиіс: оқып жатқан саласындағы білім және түсінік; кәсіби деңгейде қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және проблемаларды шешу; ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру; ақпаратты, идеяларды, шешімдерді хабарлау; оқуды өз бетінше жалғастыру дағдысы.

Осылайша білім берудің әртүрлі деңгейлерінде алынатын негізгі дағдылар мен құзыреттер жиынтығындағы айырмашылықтар мен келіспеушіліктер өмір бойы оқу (lifelong learning) жүйесін құруға кедергі жасайды. Мектепке дейінгі білімнен бастап жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету мәселелерін пысықтау қажет.

Білім алушылардың кәсіби бағдарына бірыңғай көзқарастың болмауы білім берудің үздіксіздігі проблемаларын күшейте түседі. Қазіргі уақытта мектеп оқушылары арасындағы кәсіптік бағдар беру жұмыстары негізінен жарнама түрінде жүргізіледі, колледждер мен ЖОО-лар даярланатын мамандықтар туралы хабардар ету үшін мектептерге баруды ұйымдастырады. Аталған іс-шаралардың негізгі мақсаты контингентті тарту болып табылады. Қорытындысында 2016 жылғы "Болашақ – менің таңдауым" (Білім – Орталық Азия) әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша жоғары сынып оқушыларының 15 %-ы болашақ кәсіби қызметін анықтай алды. KASIPTEST кәсіптік диагностикасы 11-сынып оқушыларының 75 %-ы оқытудың бейіндік бағытын дұрыс таңдамағанын көрсетті.

Кәсіптік бағдарлау жұмысының әлсіздігі жұмысшы кәсіптері беделінің төмендігімен қатар жастардың ТжКБ жүйесімен аз қамтылуына себеп болады, бұл, өз кезегінде, кадрларды даярлау сапасына кері әсер етеді. ДЭФ ЖБИ-2018 сәйкес жұмыс берушілер ТжКБ жүйесінің сапасын 3,7 балға (орташадан төмен) бағалайды. Нәтижесінде жұмыс берушілер болашақ кадрларды оқытуға инвестиция салуға мүдделі емес. 2018 жылы жұмыс берушілер есебінен білім алатын студенттердің үлесі білім

алушылардың жалпы контингентінің бар-жоғы 0,2 %-ын құрады. Колледж студенттерін дуальды оқытумен қамту да жоғары емес – 8 %.

Жоғары білім беру тиімділігі көрсеткіштерінің бірі оның интернационалдануы және жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингтерден көрінуі болып табылады. 2016 – 2019 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру кезеңінде жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің үлесі 4 %-ға дейін өсті. Қазақстандық жоғары оқу орындары алғаш рет Times Higher Education рейтингтік басылымы тарапынан танылды. QS WUR рейтингінде белгіленген қазақстандық ЖОО-лар саны 10-ға жетті.

Алайда жоғары білім беруде ДЭФ ЖБИ-2019 "Түлектердің дағдылары" индикаторы бойынша Қазақстан 141 елдің ішінен 95-орында тұр. Әлеуметтік сауалнама жұмыс берушілердің 70 %-ы олардың дағдыларына қанағаттанбағанын көрсетті. Бұл ретте колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру мониторингі статистикалық деректер негізінде жүргізіледі және бітірушілердің кері байланысын көздемейді.

Жоғары білім сапасы студент жастардың шетелдік жоғары оқу орындарына кетуіне әсер етеді. Қазақстанда соңғы 7 жылда шетелге шығатын студенттердің саны 2 есеге өсті. 100 мыңнан астам қазақстандық әлемнің 130 елінде жоғары білім алуға.

Аталған проблемаларды шешу үшін кәсіптік бағдар беру қызметінің бірыңғай тәсілдерін әзірлеу, мамандарды даярлау және кәсіптік білім беруді интернационалдандыру процесіне жұмыс берушілерді тарту қажет.

Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету

Бәсекеге қабілетті тұлға мен маманды қалыптастырудың негізі отбасында, қоғамда және білім беру жүйесінде қалыптасатын құндылықтар болып табылады. Қазақстанда "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бекітілді. "Туған жер", "Қазақстанның киелі географиясы", "Жаһандық әлемдегі қазіргі қазақстандық мәдениет", "Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы", "Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасы, "Өзін-өзі тану" адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы іске асырылуда. "Жас қыран" (1-4-сыныптар), "Жас Ұлан" (5-10-сыныптар) балалар мен жасөспірімдер қозғалысы, "Жас Сарбаз" әскери-патриоттық клубы (колледж, ЖОО) жұмыс істейді.

Сонымен қатар, "Nur Otan" партиясының Қоғамдық саясат институтының зерттеу деректері бойынша патриотизм Қазақстан азаматтарының маңызсыз құндылықтарының бірі болып табылады. Сауалнамаға қатысқандардың 13 %-ы ғана патриотизмді маңызды құндылық ретінде атап өтті. ЭЫДҰ елдерінің негізгі орта білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларына енгізілген 39 құндылықтың ішінде Қазақстанда тек алтауы ғана енгізілген.

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әлеуметтанушылық зерттеу деректері бойынша ата-аналардың 62 %-ы өз балаларына жеткілікті уақыт бөлмейді, 43

%-ы балаларының проблемаларына аз мән береді, 50 %-ы мектеп ортасына деструктивті діни ағымдарды енгізудің алдын алу мәселелері бойынша педагог-психологтың консультациясын қажет етеді, 70 %-ға дейіні балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қосымша көмекті қажет етеді.

Балалар мен жасөспірімдер қылмысының және жоғарыда көрсетілген суицид жағдайларының өсуі тәрбие жұмысын күшейтудің қажеттілігін растайды.

Осыған байланысты білім беру процесі мен білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру қызметі барысында тәрбие жұмысын жоспарлау мен іске асырудың түбегейлі жаңа тәсілдері, оларды қолдану мен сақтаудың түсінікті тетіктері бар мінез-құлық стандарттарын әзірлеу талап етіледі.

Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы мен цифрлық инфрақұрылымын дамыту

Білім беру жүйесінің инфрақұрылымын дамыту авариялық, үш ауысымды білім беру ұйымдарының санын қысқартуға, шағын жинақталған мектептер (бұдан әрі – ШЖМ) мәселелерін шешуге, студенттерді жатақханалармен қамтамасыз етуге, сондай-ақ цифрландыруға бағытталған.

5 жылда авариялық жағдайдағы мектептердің саны 4 есеге қысқарды, алайда оларды толығымен жою мүмкін болмай отыр. Табиғи тозу салдарынан 2018 жылы 31 мектеп (2016 жылы – 64 бірлік, 2017 жылы – 45 бірлік) авариялық деп танылды. Күрделі жөндеуге жататын мектептер саны 2016 жылы 793-тен 2018 жылы 842-ге дейін көбейді. Оның ішінде мектептердің 8 %-ы (71 бірлік) ғана жөндеуден өткізілді. Мектеп ғимараттары мен құрылыстарына қызмет көрсетудің техникалық регламенттерін бұзу оларды авариялық жағдайға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар 13 қосымша білім беру ұйымы авариялық жағдайда, ал 198 ұйым күрделі жөндеуді талап етеді.

Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың өзекті міндеті білім беру ұйымдарының техникалық жай-күйіне мониторинг жүргізу және олардың авариялығын болдырмау бойынша қажетті алдын алу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Соңғы үш жыл ішінде үш ауысымда сабақ жүргізетін мектептердің үлесі 1,8 % көлемінде өзгеріссіз қалып отыр, тиісінше, оқушы орындарының тапшылығы сақталуда.

Үш ауысымды және авариялық мектептер, оқушы орындарының тапшылығы мәселелерін шешу үшін шаралар кешенін, оның ішінде жаңа мектептер құрылысы үшін жеке инвесторларды тарту, білім берудің барлық деңгейлерін жан басына шаққандағы қаржыландыруды және қаржыландырудың ваучерлік жүйесін енгізу бойынша шаралар кешенін қабылдау қажет.

ШЖМ-ны инфрақұрылымдық дамыту үшін қазіргі уақытта 185 тірек мектеп (ресурстық орталық) жұмыс істейді. Оларға 605 магниттік ШЖМ бекітілген (барлық

ШЖМ-ның 21 %-ы). Тек 70 тірек мектептің жанында мектеп жанындағы интернаттар жұмыс істейді. Барлық ШЖМ толық қамтылғанға дейін тірек мектептер мен мектеп жанындағы интернаттар желісін дамытуды жалғастыру қажет.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша студенттерге арналған жатақхана салу, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарымен салу басталды. 2022 жылдың соңына дейін кемінде 75 мың, 2025 жылға қарай 90 мың орындық студенттік жатақхананы пайдалануға беруді қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып табылады. Бүгінде көптеген қазақстандық білім беру ұйымдары интернет жылдамдығының төмендігіне, цифрлық инфрақұрылымның жетіспеуіне немесе сәйкес келмеуіне байланысты қиындықтарға тап болып отыр. Мектепке дейінгі ұйымдардың 60 %-ы, мектептердің 10 %-ы және колледждердің 18 %-ы әлі күнге дейін жылдамдығы 4 Мбит/с кем интернет желісіне қосылған. 2018 жылы мектептердің оқу процесінде 305 мың компьютер пайдаланылды, оның 30,3 %-ы ауыстырылуға жатады. Сондықтан білім беру ұйымдарында IT-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын дамыту, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру қажет.

Білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің транспаренттілігін және тиімділігін арттыру

2016 – 2019 жылдары білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігі мен айқындылығын арттыру үшін алқалы басқару органдары: мемлекеттік жоғары оқу орындарында – байқау кеңестері, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектептерде және колледждерде – қамқоршылық кеңестер құрылды.

Жоғары білім беруде ректорларды сайлау қағидаты бойынша тағайындаудың жаңа қағидалары енгізілді. Жоғары оқу орындары академиялық, басқарушылық және кадрлық мәселелерде дербестікке көшті.

2016 – 2019 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру кезеңінде қаржыландыру жүйесінде бірқатар оң өзгерістер байқалды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жан басына шаққандағы қаржыландыру тетіктерін енгізу, сондай-ақ лицензиялауды жою жеке бизнесті мектепке дейінгі білім беруге айтарлықтай тартуға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдар желісінің үштен бірінен астамы жекеменшік болып табылады. Сонымен қатар 1-3 жас аралығындағы балаларға жан басына шаққандағы қаржыландыруды тарата отырып және көрсетілетін қызметтердің сапасына байланыстыра отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты қаржыландырудың тиімділігі мәселесі пысықтауды талап етеді.

Жан басына шаққандағы нормативке өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, жалпы білім беретін сыныптардағы ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар үшін жан басына шаққандағы нормативтің жеке мөлшері айқындалды;

айтарлықтай нақты контингенті бар, бала саны шамадан тыс көп мектептер үшін түзету (төмендету) коэффициенті енгізілді. Жаңадан пайдалануға енгізілетін жекеменшік мектептер үшін жан басына шаққандағы нормативтің мөлшері айқындалды. Нормативке жеке инвесторлардың жаңа оқушы орындарын енгізуі үшін ынталандырушы компонент енгізілді. Еліміздегі колледждер де жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшуде. ЖОО-лар қаржылық мәселелерде дербестік алды.

Қосымша білім беруге жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу балаларды сабақтан тыс оқытумен және тәрбиелеумен қамтуды кеңейтуге мүмкіндік берер еді.

Алайда Қазақстанда ЖІӨ-ден білім беруге арналған шығыстардың үлесі бұрынғыдай төмен күйінде қалып отыр – 3,3 %. Көрсеткіш серпіні 2012 жылдан бастап 3,5 %-дан аспай бір деңгейде сақталуда. Бұл ЭЫДҰ-ның орташа көрсеткіш деңгейінен (5 %) және ЮНЕСКО ұсынған 4-6 % деңгейден төмен.

Білім және ғылым, сондай-ақ ғылыми-техникалық және инновациялық даму саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді жоспарлау және іске асыру қаржыландыруды ЖІӨ-нің 5 %-ына дейін ұлғайтуды және Білім және ғылым министрлігі, барлық деңгейдегі салалық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар арасында жүйелі өзара байланыс құруды талап етеді.

Ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту

Жыл сайын PhD докторларын даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы ұлғаюуда. 2018 жылы түлектердің саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 619 -дан 721 адамға (+14 %) дейін жетті. "Болашақ" халықаралық стипендиясы ғылыми-зерттеу әлеуетін қалыптастыруға белсенді үлес қосуда: стипендиаттардың 93 %-ы магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқиды.

2018 жылы ғылыми зерттеулермен және әзірлемелермен 384 ұйым айналысты (2016 ж. – 383 бірлік, 2017 ж. – 386 бірлік). Оның 39 %-ы экономиканың кәсіпкерлік секторына, 27 %-ы мемлекеттік секторға, 25 %-ы жоғары білім беру ұйымдарына, 9 %-ы ғылымның коммерциялық емес секторына тиесілі болды.

2018 жылы ғылым саласына тартылған қызметкерлердің ішінде 55 жастан асқан зейнеткерлік алдындағы және зейнеткерлік жастағы мамандардың үлесіне жалпы контингенттің 30 %-ына дерлігі тиесілі. Жас ғалымдар контингенттің 35 %-ға жуығын құрады. Соңғы жылы 35-тен 54 жасқа дейінгі жас тобындағы ғалымдардың үлесі жалпы ғалымдар санының 40 %-ын құрады.

Сонымен қатар талантты жастар мен жоғары білікті мамандарды ғылымға тарту және ұстап қалу проблемасы сақталуда. Ғылыми кадрлардың зерттеу дағдылары жеткіліксіз, ағылшын тілін меңгеру деңгейі төмен және технологиялық даму мен инновация саласындағы дағдылары әлсіз.

Елімізде 1 млн. халыққа 662 ғалымнан келеді, бұл Ресейге қарағанда (2852) 4,3 есе, Беларуське қарағанда (1805) 2,7 есе және АҚШ-қа қарағанда (4256) 6,4 есе аз.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта ғылым саласында ғылыми қызметкерлерге еңбекақы төлеудің төмен деңгейі және ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру тетіктерінің болмауы; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) нәтижелілігінің төмендігі және индустрия мен бизнес тарапынан ғылыми нәтижелердің талап етілмеуі; бизнестің инновациялық белсенділігі үлесінің төмен болуы; ғылыми саланың инвестициялық тартымдылығының аздығы және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мен қоса қаржыландырудың төмендігі сияқты проблемалар бар.

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру бойынша орташа жалақы 287 мың теңгені, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 157 мың теңгені, базалық қаржыландыру бойынша 72 мың теңгені құрайды. Ең төменгі жалақы гранттық қаржыландыруда – 51 мың теңге. 2018 жылы ғылымның мемлекеттік секторындағы жалақы 119 мың теңгені құрады, бұл еліміз бойынша орташа көрсеткіштен (163 мың теңге) төмен.

ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығыстар көлемі салыстырмалы түрде біршама аз болып қалуда. Қазақстанда 2015 жылдан бастап ҒЗТКЖ шығындары 2018 жылы ЖІӨ-нің 0,17 %-ынан 0,12 %-ына дейін қысқарды. ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын ішкі шығындарды қаржыландырудың ең көп бөлігі республикалық бюджет қаражатына тиесілі - 51,3 %, кәсіпорындардың меншікті қаражаты 40,9 %-ды және басқа да көздер 7,8 %-ды құрайды.

Ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және ғылымды цифрландыру

ҒЗТКЖ-ны іске асыратын мемлекеттік жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттарының (бұдан әрі – ҒЗИ) ғылыми жабдықтары біртіндеп жаңартылуда (13 %). Жоғары білім беру ұйымдарында және ҒЗИ-да коммерцияландыру офистері, технопарктер, бизнес-инкубаторлар, енгізу бөлімшелері құрылды. Алайда ғылыми инфрақұрылым ғылыми зерттеулерді іске асырудың қазіргі талаптарына сәйкес келмейді.

Ғылыми ұйымдардың бірыңғай деректер базасы жоқ. Ғылыми бағыттар мен ғылыми мектептер Қазақстан дамуының басым бағыттарына жеткіліксіз шоғырланған, сондай-ақ ғылымның зияткерлік әлеуеті мемлекеттің стратегиялық міндеттеріне сәйкес келмейді.

Ғылыми әзірлемелердің қажеттілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялау

Ғылыми зерттеулер Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың жеті басымдығы шеңберінде іске асырылады.

Қазіргі уақытта 2018 – 2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша 1076 ғылыми жоба іске асырылуда. 2019 жылға қаржыландыру сомасы 9,5 млрд. теңгені құрайды.

Еліміз бойынша 2018 – 2020 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде 144 ғылыми-техникалық бағдарлама іске асырылуда. 2019 жылға қаржыландырудың жалпы көлемі 23 млрд. теңгені құрайды.

2018 – 2020 жылдары 8 министрліктің 101 ұйымы қаржыландырылады. 2019 жылы базалық қаржыландыру көлемі 4,6 млрд. теңгені құрады.

Қазіргі уақытта ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша гранттық қаржыландыруға өткізілген конкурстардың қорытындысы бойынша жалпы сомасы 38 млрд. теңгені құрайтын 153 жоба іске асырылуда, қоса қаржыландыру 5 млрд. теңгеден асты, яғни 14,5 %-ды құрайды (2017 жылы – 2,1 млрд. теңге, 2018 жылы – 2,3 млрд. теңге, 2019 жылы – 2,5 млрд. теңге). 2018 жылдың қорытындысы бойынша 25 жоба аяқталды. 36 жоба бойынша өндірістерді іске қосу ұйымдастырылды, одан түскен табыс 2019 жылдың бірінші тоқсанында "Ғылым қоры" АҚ-ның деректері бойынша шамамен 1 млрд. теңгені құрады.

Қазақстанда жыл сайын мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ғылыми жобалар мен бағдарламалардың нәтижелілігіне бағалау жүргізіледі. Ғылыми-практикалық нәтижелілік деңгейі жоғары және орташа ғылыми жобалар мен бағдарламалар саны 2016 жылы 64,9 %-дан 2018 жылы 72,4 %-ға дейін артты. Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санынан коммерцияланатын жобалардың үлесі үш жылда 6,8 %-ға өсті және 2018 жылы 23,5 %-ды құрады. 2016 жылдан бастап берілген қорғау құжаттарының саны 2,5 есеге артты. Бұл ретте ғылыми зерттеулер экономика мен қоғамның өзекті қажеттіліктеріне жеткілікті бағдарланбаған, бұл қоғамда ғылымға деген көзқарасқа кері әсер етеді, ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру әлеуетін және бизнес тарапынан ғылыммен ынтымақтастыққа деген қызығушылықты төмендетеді.

11 ЖОО-ның инновациялық және ғылыми қызметтен түсетін табысының үлесі 9 %-дан 12,4 %-ға дейін өсті. Алайда жоғары оқу орындары, ҒЗИ, бизнес-қоғамдастық, мемлекет және басқа да мүдделі тараптар (делдал ұйымдар, азаматтық қоғамдастық және т.б.) арасындағы ынтымақтастықтың әлсіз екені байқалады.

Білім мен ғылымды қаржыландыру көлемі жоғары деңгейдегі дағдыларды дамытуда, ғылыми әлеуеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, ЭЫДҰ елдерінің қағидаттары мен стандарттарына сай келетін елдің стратегиялық міндеттеріне сәйкес келмейді. Осыған байланысты Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаев Бағдарламада білім мен ғылымға арналған жалпы шығыстарды ЖІӨ-ден 5 %-ға дейін ұлғайтуды қарастыруды тапсырды.

Білім беру жүйесін SWOT-талдау

1. Күшті жақтары

- 1) педагог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
- 2) білім беру мазмұнын жаңарту;
- 3) жан басына қаржыландыруды кезең-кезеңімен енгізу;
- 4) ТЖКБ жүйесінде дуальды оқытуды енгізу;
- 5) "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру;
- 6) ЖОО-лардың академиялық еркіндігін кеңейту;
- 7) оқытушылық-профессорлық құрамның (бұдан әрі – ОПК) және ғалымдардың жарияланымдық белсенділігінің өсуі;
- 8) өсу нүктелерінің болуы – "Назарбаев Университеті" ДБҰ – әлемдік деңгейдегі университет, "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ;
- 9) Болон процесіне мүшелік;
- 10) "Болашақ" бағдарламасы;
- 11) ашықтық;
- 12) халықаралық әріптестікке ұмтылу;
- 13) көптілді білім беру;
- 14) академиялық ұтқырлық және шетелдік топ-менеджерлер мен ғалымдарды тарту бағдарламасын мемлекеттің қаржыландыруы;
- 15) кадрларды даярлаудың үш деңгейлі жүйесі;
- 16) ЖОО-ларда қос дипломды білім беру бағдарламаларының болуы;
- 17) қабылданатын шешімдердің айқындылығы;
- 18) ғылыми деректер базаларына жазылудың болуы.

2. Әлсіз жақтары

- 1) дәрежелері бар кадрлардың қартаюы;
- 2) сенімді білім беру статистикасы жүйесінің болмауы;
- 3) білім беру жүйесін толық қаржыландырмау;
- 4) білім беруге жұмсалатын шығындар 3,8 %-ды құрайды, ал ЮНЕСКО-ның ұсынғаны 5-7 %;
- 5) білім беру гранттарының біркелкі бөлінбеуі;
- 6) өңірлік даму қажеттіліктеріне сәйкес келмейтін көп бейінді университеттер санының артық болуы;
- 7) кадрлар даярлаудағы сәйкессіздік;
- 8) оқу орындарында ақпараттық жүйелердің жетілмегендігі;
- 9) оқытушылардың орташа жалақысы әлемдегі ең төменгі жалақылардың бірі болып табылады;
- 10) жоғары білім беру ұйымдарының инфрақұрылымы қатты ескірген;
- 11) білім беру бағдарламалары мазмұнының теңгерімсіздігі;
- 12) ғылым мен салалық ғылыми зерттеулерді бірыңғай орган үйлестірмейді;
- 13) ғылым, білім және өндірістің нашар байланысы;

- 14) педагогикалық білім сапасының төмендігі;
- 15) бітірушілер бейіні құзыреттерінің кәсіби қауымдастық талаптарына сәйкес келмеуі;
- 16) ішкі академиялық ұтқырлық кезіндегі кедергілер – оқу құнының әртүрлі болуы;
- 17) алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелерін тану жүйесінің жетілмегендігі;
- 18) ҚР жоғары білім беру жүйесінде ғылыми қызметкерлерді еңбекке ынталандыру деңгейінің төмендігі;
- 19) біліктілікті арттырудың жоспарлы жүйесінің болмауы;
- 20) ОПК-ның шет тілдерін меңгеруінің нашар деңгейі;
- 21) ОПК-ның және зерттеушілердің ғылыми деректер базасын жеткіліксіз пайдалануы;
- 22) PhD бағдарламалары бойынша білім алушылар саны жоғары білім беру ұйымдарының және ҒЗИ-дың дәрежеленген кадрларға деген қажеттілігін өтемейді.

3. Мүмкіндіктері

- 1) білім беру жүйесіне мемлекеттің назары;
- 2) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (бұдан әрі – МЖӘ) дамыту;
- 3) халықаралық ұйымдар мен жұмыс берушілер тарапынан білім мен ғылымды инвестициялық қолдау;
- 4) халықаралық гранттар мен бағдарламалар бойынша оқыту;
- 5) жергілікті бюджет қаражатынан жоғары білімді қаржыландыру;
- 6) Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықты кеңейту.

4. Қауіптер

- 1) бірқатар өңірлерде NEET жастарының жоғары үлесі;
- 2) таланттылардың елден кетуі;
- 3) білім берудің жаһандануы салдарынан бәсекелестіктің өсуі;
- 4) IT дамуына байланысты күндізгі оқыту қажеттілігін төмендету;
- 5) еңбек ресурстарының теңгерімсіздігі;
- 6) қоғамдық тетіктер мен азаматтық қоғам институттарының қалыптаспауы;
- 7) жоғары білім сапасын қамтамасыз етудегі стейкхолдерлердің пассивтілігі;
- 8) шетелдік студенттер үшін қазақстандық білім берудің тартымсыздығы;
- 9) кәсіптік қоғамдастықтың білім беру процесіне қатысуға және мамандарды сертификаттауға дайын болмауы;
- 10) ресейлік жоғары және орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындары және басқа бәсекелестер тарапынан белсенді бәсекелестік;
- 11) кадрлардың басқа салаларға кетуі.

4-бөлім. Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары мен нәтижелерінің көрсеткіштері

1-мақсат: Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Осы мақсатқа қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады:

Р/с №	Нысаналы индикаторлар	Өлш.бірл.	Ақпарат көзі	2018 факт	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Жауапты ордаушы
1.	1-6 жас аралығындағы	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	77,1	81	81,7	82,6	83,5	84,6	85,3	ЖАО, БҒМ
	3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту			95,2	100	100	100	100	100	100	
2.	PISA (ЭЫДҰ) халықаралық зерттеуіндегі 15 жастағы қазақстандық оқушылардың нәтижелері	балл	ЭЫДҰ-ның есебі	PISA-2018: математика- 423, жаратылыстану – 397, оқу-387			PISA-2021: математика – 470, жаратылыстану – 465, оқу – 440			PISA-2024: математика – 480, жаратылыстану – 490 оқу – 450	ЖАО, БҒМ
3.	Балалардың әл-ауқаты индексі	0-ден 1-ге дейінгі шкала (балл)	әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері	0,68			0,70	0,71	0,72	0,73	БҒМ, ЖАО
4.	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ТЖБ оқу орындарын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі	%	ЗТМО деректері	62	64	66	68	70	72	75	ЖАО, БҒМ, Еңбекм, ДСМ АШМ, МСМ,
5.	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі	%	ЗТМО деректері	69	70	71	72	73	74	75	БҒМ, Еңбекм, ЖОО

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:

1-міндет. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш.бірл.	Ақпарат көзі	2018 факт	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Жауапты орындаушылар
1.	Педагогтер жалақысының экономика бойынша орташа жалақыға арақатынасы (%)	%	БҒМ	63,2	63,5	73,7	79,9	103	103	102,9	БҒМ, ЖАО, Қаржымині
2.	Мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының, әдіскерлерінің, тәрбиешілерінің жалпы санынан "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік және жоғары білімі бар педагогтердің үлесі	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	58,2	60	62	65	68	71	72	ЖАО, БҒМ
3.	Кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген, педагогикалық мамандықтар бойынша енгізілген білім беру бағдарламаларының үлесі	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	70	85	95	100	-	-	-	БҒМ, ЖОО (келісу бойынша)
4.	Орта білім беру педагогтерінің жалпы санындағы шебердің, зерттеушінің, педагог-сарапшының және педагог модератордың біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	42,6	50	60	70	75	80	85	ЖАО, БҒМ

2-міндет. Қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту.

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш.бірл.	Ақпарат көзі	2018 факт	2020	2021	2022	2023	2024	2025
1	ЭЫДҰ және IEA қала/ауыл арасында жүргізген халықаралық зерттеулердегі қазақстандық оқушылар нәтижелерінің алшақтығы	балл	ЭЫДҰ, IEA есебі	PISA-2018 математика- 22 ; оқу- 38; жаратылыстану - 32	TIMSS-2019 математика-4 - сынып – 25; 8- сынып – 30 ; жаратылыстану – 4 - сынып – 27; 8- сынып – 33;		PISA-2021 математика- 18 ; оқу- 22; жаратылыстану - 15. PIRLS-2021 оқу-5		TIMSS -2023 математика- 4- сынып – 15; 8- сынып – 17 ; жаратылыстану -4- сынып – 12; 8- сынып – 18	PISA-2021 математика- 13; оқу- 15 ; жаратылыстану – 9.

2.	Қосымша біліммен қамтылған мектеп оқушыларының үлесі, оның ішінде:	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	61,5	62	63	64	65	66	67
	қалада			35,1	35,3	35,5	35,7	35,9	36,1	36,3
	ауылда			26,4	26,7	27,5	28,3	29,1	29,9	30,7

3-міндет. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2018 факт	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Жауапты орындаушылар
1.	ЖБ және РБ-ның әлеуметтік салаға шығындарының көлемінде "Балалар бюджетінің" үлесін ұлғайту (жыл сайын)	өткен жылға қарағанда %	М О деректері	-	-	5	5	5	5	5	БҒМ ДСМ Еңбекмині ІІМ АҚДМ МСМ ЦИАӨМ ЖАО
2.	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар тәрбиеленушілерінің осы санаттағы балалардың жалпы санынан үлесі	%	Р Д Қ деректері	20,1	20	19	18	17	16	15	ЖАО, БҒМ
3.	Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі:	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері								ЖАО, БҒМ
	мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар			20,1	45	60	70	80	90	100	
	мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер			60,4	75	80	85	90	95	100	
	мемлекеттік ТЖКБ ұйымдары			30,1	45	50	55	60	65	70	
	азаматтық ЖОО			12	15	35	50	60	65	70	
4.	Мыналармен қамтамасыз етілген білім беру ұйымдарының үлесі:	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері								ЖАО, БҒМ
	Бейнебақылаулар (ішкі және сыртқы)			75	80	85	90	95	100	-	
	турникеттер			7,4	10	15	20	25	30	35	

1.	Мектепте оқыту үшін мектепалды жасындағы балалардың дайындық деңгейі	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	74,2	81,1	82,5	84,5	86	94,7	95	ЖАО, БҒМ
2.	12 жылдық оқыту моделіне көшкен мектептердің үлесі (2024 жылы – 1-сынып; 2025 жылы – 2-сынып)	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	0	-	-	-	-	100	100	БҒМ, ЖАО
3.	Дуальды оқытумен қамтылған мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің үлесі	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	12,7	18	20	23	25	28	35	ЖАО, БҒМ
4.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесімен қанағаттанушылық (композитті индексі)	%	Әлеуметтік зерттеу нәтижелері	-	45	50	55	60	65	70	БҒМ ЖОО (келісу бойынша)
5.	Интернационалдандыру стратегиясы шеңберінде шетелдік әріптестермен бірлескен білім беру бағдарламаларын, академиялық алмасуларды іске асыратын жоғары оқу орындарының үлесі	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	28	30	40	45	50	55	60	БҒМ
6.	Студенттердің жалпы санындағы жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің үлесі	%	ҰЭМ КС статистикалық деректері	4	5,3	6	7	8	9	10	БҒМ, ЖОО (келісу бойынша)

6-міндет. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш.бірл.	Ақпарат көзі	2018 факт	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Жауапты орындаушылар
1.	"Жас қыран" қозғалысына қатысатын 1-4-сынып оқушыларының үлесі	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	59,9	62	64	66	68	70	72	ЖАО
2.	"Жас Ұлан" қозғалысына қатысатын 5-10 сынып оқушыларының үлесі	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	64,3	66	69	71	74	77	80	ЖАО
3.	"Жас Сарбаз" әскери-патриоттық клубының қозғалысына қатысатын колледждер оқушыларының саны	адам	БҒМ-ның әкімшілік деректері	15 000	20 000	25 000	35 000	40 000	45 000	50 000	ЖАО

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш.бірл.	Ақпарат көзі	2018 факт	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Жауапты орындаушылар
1.	Толық жиынтықты мектептердің жалпы санындағы жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшкен мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептердің үлесі	%	БҒМ-ның есептік ақпараты	1,7	22,6	22,6	22,7	61,1	100	-	ЖАО, БҒМ
2.	Менеджмент саласында біліктілігін арттырудан өткен жоғары оқу орындары басшыларының үлесі	%	БҒМ-ның әкімшілік деректері	10	20	40	60	80	100	-	БҒМ
3.	ЖІӨ-ден білім беру мен ғылымға арналған шығыстардың үлесі (2019-3,3%)	%	ҰЭМ мен БҒМ деректері	3,3	5,1	5,6	6,2	6,6	6,8	7	Қаржымині, БҒМ

2-мақсат: Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру

Аталған мақсатқа қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін

болады:

Р/с №	Нысаналы индикатор	Өлш.бірл.	Ақпарат көзі	2018 факт	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Жауапты орындаушылар
1.	Ғылымға арналған шығыстардың ЖІӨ-дегі үлесі (барлық көздерден)	%	ҰЭМ СК Статистикалық деректері	0,12	0,13	0,15	0,2	0,35	0,49	1	БҒМ, Қорғанысмині, АШМ, Еңбекмині, ЭГТРМ, ДСМ, МСМ, ЭМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ, СИМ, ҒЗИ (келісу бойынша), ЖОО (келісу бойынша)
2.	Ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы	ЖБИ-дағы орын	ДЭФ ЖБИ нәтижелері	82	80	78	74	70	66	63	БҒМ, Қорғанысмині, АШМ, ДСМ, Еңбекмині, ЭГТРМ, ДСМ, МСМ, ЭМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ, СИМ, ҒЗИ (келісу бойынша),

												ЖОО (келісу бойынша)
3.	Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) платформасындағы ақпараттық ресурстар деректері бойынша 2018 жылы жарияланымдардың жалпы санында рейтингтік басылымдардағы қазақстандық жарияланымдардың өсімі (4 873 бірлік)	%	Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) деректер базаларының ақпараты	-	25,1	37,7	50,3	62,9	75,5	88		Б Ғ М , Қорғанысмині , А Ш М , Еңбекмині, ДСМ, ЭГТРМ , ДСМ, МСМ, ЭМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ, С И М , ҒЗИ (келісу бойынша), ЖОО (келісу бойынша)

Қойылған мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

1-міндет. Ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш.бірл .	Ақпарат көзі	2018 факт	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Жауапты орындаушылар
1.	2018 жылы зерттеушілердің жалпы санындағы зерттеушілер санының өсуі (17 454 адам)	%	ҰЭМ КС статистикалық деректері	-	2,8	3,3	3,8	4,3	4,8	5,2	Б Ғ М , Қорғанысмині , А Ш М , Еңбекмині, ЭГТРМ, ДСМ , МСМ, ЭМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ, С И М , ҒЗИ (келісу бойынша), ЖОО (келісу бойынша)
2.	2018 жылы зерттеушілердің жалпы санындағы 35 жасты қоса алғанға дейінгі жас ғалымдар санының өсімі (6 566 адам)	%	ҰЭМ КС статистикалық деректері	-	2	3,6	5,1	6,6	8,1	9,6	Б Ғ М , Қорғанысмині , А Ш М , Еңбекмині, ЭГТРМ, ДСМ , МСМ, ЭМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ, С И М , ҒЗИ (келісу бойынша), ЖОО (келісу бойынша)

2-міндет. Ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру.

р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш.бірл.	Ақпарат көзі	2018 факт	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Жауапты орындаушылар
1.	ҒЗТКЖ іске асыратын мемлекеттік ЖОО-ның, ҒЗИ-дің жаңартылған сертификатталған ғылыми жабдықтарының үлесі	%	БҒМ есептік ақпараты	13	13,5	13,7	14	14,3	14,5	15	БҒМ, ҒЗИ (келісім бойынша), ЖОО (келісім бойынша)

3-міндет. Ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету.

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш.бірл.	Ақпарат көзі	2018 факт	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Жауапты орындаушылар
1.	Қорғау құжаттары мен авторлық куәліктердің өсімі (2018 ж. жалпы санынан – 3200 бірлік)	%	ҒЗИ деректері	-	7,8	9,4	12,5	15,6	18,7	21,9	БҒМ, Қорғанысмині, АШМ, Еңбекмині, ЭГТРМ, ДСМ, МСМ, ЭМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ, СИМ, ҒЗИ (келісу бойынша), ЖОО (келісу бойынша)
2.	ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығындардың жалпы көлеміндегі кәсіпкерлік сектор шығыстарының үлесі	%	ҰЭМ СК статистикалық деректері	32,3	48,8	50,6	52,4	54,2	55,8	57,4	БҒМ, Қорғанысмині, АШМ, Еңбек мині, ЭГТМСМДСМ, МСМ, ЭМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ, СИИ ҒЗИ (келісу бойынша), ЖОО (келісу бойынша)
3.	Аяқталған қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының	%		23,5	25	26	27	28	29	30	БҒМ, Қорғанысмині, АШМ, ДСМ, Еңбекмині, ЭГТРМ, ДСМ, МСМ, ЭМ, ИИДМ,

жалпы санындағы коммерцияланатын жобалардың үлесі	ҰЭМ СК статистикалық деректері							ЦДИАӨМ, СИМ, ҒЗИ (келісу бойынша), ЖОО (келісу бойынша)
---	--------------------------------------	--	--	--	--	--	--	--

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

Аталған Бағдарламаның негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

білім және ғылым жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту;

барлық деңгейдегі білім беру мазмұнын жаңғырту;

білім мен ғылым инфрақұрылымын дамыту және цифрландыру;

білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесін трансформациялау;

ғылыми-зерттеу қызметін жаңғырту;

1-мақсат. Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту

Міндеттер:

5.1.1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту

1. Оқыту және тәрбиелеу сапасын арттыруға педагогтерді ынталандыруды күшейту үшін олардың еңбек жағдайын жақсарту

Педагог еңбегінің беделін арттыру мақсатында Қазақстанның білім беру жүйесінде материалдық және материалдық емес ынталандыру шараларының кешені іске асырылатын болады.

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің еңбекақысы 2020 жылдан бастап төрт жыл ішінде екі есеге ұлғайтылатын болады. Бұдан басқа, әдіскерлерге, мектепке дейінгі, мектеп, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтеріне, сондай-ақ тәлімгерлік, магистр дәрежесі және т.б. біліктілік деңгейі үшін қосымша ақы есебінен еңбекке ақы төлеуді саралап арттыру мүмкіндігі көзделеді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Педагог мәртебесі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, мұғалім мен оқушыға жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңдарын іске асыру шеңберінде педагогтің әлеуметтік пакетін кеңейту шаралары көзделеді.

Оқытуды, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбие, ұйымдастыру-педагогикалық қызметті қамтитын мұғалімнің еңбегін нормалау жүйесі зерделенеді және әзірленеді.

Барлық білім беру деңгейіндегі ұйымдардың педагогтері білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету бойынша педагогикалық шеберлікті

жетілдіруге мүмкіндік беретін аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысанында біліктілікті арттыру курстарынан өтетін болады. Курстан кейінгі жүйелі сүйемелдеуді, оқыту практикасын одан әрі өзгертуді және жетілдіруді көздейтін үздіксіз кәсіби дамуды қамтамасыз ету жағына педагогтердің біліктілігін арттыру тәсілі өзгереді.

Біліктілікті арттыру курстары бағдарламаларының мазмұны педагогикалық қызметтің барлық түрлерін іске асыру үшін педагогке қажетті пәндік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да құзыреттердің оңтайлы арақатынасын қамтитын болады. Курстардың бағдарламалары педагогтің алған білімдері мен дағдыларын педагогикалық ұжымда каскадтық таратуды қамтамасыз етуге арналған компоненттен тұратын болады. Курс бағдарламаларының сапалы мазмұны білім алушылар білімдерінің сапалы өсуіне ықпал етеді.

Бұдан басқа, біліктілікті арттыру жүйесі ваучерлік жүйе негізінде курс провайдерін таңдау мүмкіндігін көздейді.

Орта білім беру сапасына сараптамалық шолу (инспекциялау) қорытындылары бойынша жоғары баға алған мектептерге оқыту мектебі (TEACHING SCHOOLS) болуға, өз тәжірибесін басқа мектептерге таратуға мүмкіндік беріледі.

Педагогтер Action Research және Lesson Study арқылы оқытудың дербес практикасын жетілдіреді, сондай-ақ басқа педагогтермен тәжірибе алмасады.

Білім беру ұйымдарының латын графикасына көшуі шеңберінде педагогтер үшін курстар өткізу жоспарланған.

Қазақстандық педагогтердің TALIS (ЭЫДҰ) – сабақ беру мен оқудың халықаралық зерттеуіне қатысуы жалғастырылады.

Республикалық пән педагогтері қауымдастығы, сондай-ақ әрбір өңірде пән педагогтері қауымдастығы құрылатын болады, олар педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға жәрдемдесетін болады.

Білім беру жүйесінің барлық әдістемелік қызметтерінің жұмысы қайта қаралатын болады.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әдістемелік инновациялардың орталығына айналады. Республикалық оқу-әдістемелік кеңес педагогикалық ЖОО-мен тығыз өзара қарым-қатынаста еліміздің барлық оқу-әдістемелік қызметтерінің, пән мұғалімдері қауымдастығының қызметін біріктіретін және үйлестіретін болады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы халықаралық және отандық мониторингтер мен зерттеулер негізінде ЭЫДҰ мен IEA пайдаланатын зерттеу құралдары мен әдіснамалық тәсілдерге ие болады.

Жыл сайын пән мұғалімдерінің форумдары мен слеттері өткізіледі.

Техникалық және кәсіптік білім беруде өндірістік оқыту шеберлерінің жетіспеушілік мәселесін шешу үшін өндірістен мамандарды тарту жөнінде қосымша

шаралар қабылданатын болады. Олар үшін педагогика және оқыту әдістемесі бойынша қайта даярлау ұйымдастырылады, біліктілікті растау қорытындылары бойынша біліктілік санаты үшін қосымша жалақы белгіленеді.

Өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіпорындарда тағылымдамадан өтуі көзделеді. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының рейтингі, құзыреттілік орталықтарын дамыту, бейіндеу, корпоративтік басқару, сондай-ақ қайта қаралған біліктілік талаптары сұранысқа ие кадрларды даярлауға жәрдемдесетін болады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мемлекеттік білім беру грантының құнын көбейту жоғары оқу орындарына ОПК-ның және жоғары білімі бар қызметкерлердің жалақысын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарының коммерциялық емес акционерлік қоғамдарға ауысуы олардың қаржы ағындары мен кіріс көздерін әртараптандыру үшін қолайлы жағдай жасайды, бұл ОПК үшін әлеуметтік пакеттер беруге, жоғары білім беру жүйесінің оқытушылары мен қызметкерлерін кәсіби дамыту үшін қаражатты жоспарлауға мүмкіндік береді.

Кәсіптің беделін арттыруға ықпал ететін ақпаратты орналастыру, "Үздік педагог", "Үздік оқытушы", "Қазақстанның үздік мұғалімі" республикалық конкурстарын өткізу арқылы педагогтің оң бейнесін қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізілетін болады. 2020 жылдан бастап "Әлем мұғалімі" халықаралық конкурсына "Үздік педагог", "Үздік оқытушы" республикалық конкурсының жеңімпаздары арасынан мұғалімдер катысады.

Қазақстан Республикасының "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" мемлекеттік наградасы және меценаттар есебінен білім беру ұйымдарының педагогтері арасында жыл сайынғы "Ұлағат" ұлттық сыйлығы тағайындалатын болады.

Педагогикалық қоғамдастықты білім берудің және талантты педагогтерді қолдаудың өзекті мәселелерін талқылауға белсенді тарту мақсатында сараптамалық және кәсіптік қоғамдық бірлестіктерді қалыптастыру үшін жағдайлар жасалатын болады.

2. Педагогикалық білім беруді, кәсіпке кірісу жүйесін және педагогтің үздіксіз кәсіби дамуын жаңғырту

Педагогикалық білім беруді жақсарту мақсатында педагогикалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындары мен колледждерді бейіндеу жүргізілетін болады. Бұл үшін педагогтер даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындары мен колледждерге қойылатын біліктілік талаптары күшейтілетін болады.

Жоғары оқу орындары мен колледждердің мектепке дейінгі ұйымдармен және мектептермен тығыз ғылыми-практикалық өзара іс-қимылы жолға қойылады.

2022 жылға қарай педагог кадрларды даярлаудың бағдарламалары кәсіби стандартқа сәйкес 100 %-ға жаңартылады.

Педагогикалық практиканың ұзақтығын ұлғайту және мемлекеттік білім беру тапсырысы мен білім беру гранттары есебінен практикаға басшылық жасағаны үшін педагогтердің еңбегіне ақы төлеу көзделеді.

2021 жылдан бастап педагогикалық мамандықтардың түлектері кәсіби шеберлікке сертификаттаудан өтеді.

Педагогикалық мамандықтарға түсу үшін балдарды кезең-кезеңімен ұлғайту көзделетін болады. Педагогикалық мамандықтар бойынша шығармашылық емтихан тапсыру кезінде кәсіпке жұмыс істеуге бейімділігі мен дайындығын анықтайтын өлшемшарттар өзгереді.

Педагог қызметкерлерді сертификаттау жүйесін енгізу шеңберінде біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде Ұлттық біліктілік тестілеу мазмұнын, тапсыру тетіктерін жетілдіру, цифрландыру және біліктілікті арттыру мен растаудың дербес құқығы жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Жоғары оқу орындарында үш тілде оқытуды ұйымдастыру үшін пәндерді ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерді даярлау жалғастырылатын болады. Көптеген жоғары оқу орындары шетелдік әріптестерге ие болады.

Колледждердің түлектері арасынан жоғары оқу орындарының базасында арнайы пәндер оқытушыларын және өндірістік оқыту шеберлерін даярлау ұйымдастырылатын болады.

Сондай-ақ педагогикалық қайта даярлау шарттары (кіру талаптары, мерзімдері, педагогикалық мамандықтар т.б.) пысықталатын болады, оның арқасында педагогикалық білімі жоқ тұлғалар (PGCE педагогикалық қайта даярлау ережелеріне сәйкес) педагогикалық қызметпен айналысу құқығын алады.

Жаңа өндірістік технологияларды зерделеу мақсатында шетелдік және отандық компаниялар ТЖКБ ұйымдарының педагогтеріне тағылымдамаларды, мастер-кластарды, тренингтерді, курстық оқытуды ұйымдастыру, сондай-ақ оқу-әдістемелік әзірлемелер мен құралдарды ұсыну үшін тартылатын болады.

5.1.2 Қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту

1. Нәтижелілігі төмен білім беру ұйымдарын, білім алушылардың әлеуметтік осал санаттарын қолдау тетігін әзірлеу

Орта білім берудің сапасын арттыру мақсатында оның ғылыми негізі әзірленіп, практикаға енгізілетін болады.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мүмкіндіктерін теңестіру және алшақтықты қысқарту мақсатында нәтижелілігі төмен мектептерді қолдауға, инклюзивті білім беруді дамытуға, әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан балаларды техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары білім беруге неғұрлым кеңірек тартуға күш жұмсалатын болады.

Менеджмент, педагогикалық қолдау, оқу-әдістемелік мазмұн және табысты тәжірибені тарату мәселелерінде нәтижелілігі төмен мектептерге мықты мектептердің "қамқорлығы" мәселесі пысықталатын болады. "Мобильді мұғалім" (шағын жинақты мектептерде оқытуды қолдау және оның сапасын арттыру) және "Уақытша отбасы" (тірек мектебі орналасқан елді мекенде оқушылардың отбасында тұруы) жобалары маңызды шара болып табылады. ШЖМ-да жұмыс істейтін мұғалімдер мынадай әдістемелік қолдаумен қамтамасыз етіледі: бірлескен сыныптардағы оқушылармен жұмыс бойынша курстар, семинарлар және тренингтер.

ШЖМ жағдайында педагогтерге еңбекақы төлеу жүйесі өзгертілетін болады.

Дүниежүзілік банктің "Орта білім беруді жаңғырту" жобасын іске асыру шеңберінде ауылдық жалпы білім беретін және "осал" мектептерді оқыту материалдарымен, компьютерлік жабдықтармен және цифрлық техникамен жаратқандыру көзделген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға тең жағдайларды және қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік жекеменшік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) мен жан басына шаққандағы қаржыландыру тетігі есебінен мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептер желісін одан әрі кеңейту, сондай-ақ үйде ("әлеуметтік бала күтуші"), оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың штаты жанынан тәрбиешілер институтын құру ұсынылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жұмысы жалғастырылады.

Бұдан басқа, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін жұмыс істеп тұрған мектепке дейінгі ұйымдарда қысқа мерзімде болу топтарын құру жөнінде ұсынымдар әзірленетін болады.

Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін консультациялық пункттердің желісі кеңейтіледі, онлайн оқыту және мобильді қосымшалар әзірленетін болады.

Таланттар мен көшбасшыларды анықтау және қолдау жөніндегі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының "El Umiti" бастамасы іске асырылатын болады. Бастама шеңберінде білім басқармалары жанындағы таланттарды анықтау және қолдау орталықтары, "Мың бала" ұлттық зияткерлік турнирі" жобасы, көрсетілген патриотизм мен белсенді азаматтық ұстаным үшін сыйақы беру жүйесі дамитын болады.

Ақпараттық теңсіздікті төмендету және әртүрлі өңірлердегі балалар үшін тең мүмкіндіктер жасау мақсатында еліміздің үздік жаттықтырушыларымен түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаларға онлайн дайындық ұйымдастырылады.

Үздік еңбегі үшін, оның ішінде ең беделді халықаралық пәндік олимпиадалардағы жеңісі үшін жоғары оқу орындарына түсудің жеңілдетілген тетіктерін пысықтау

жоспарлануда. Жоғары оқу орындары дербестік шеңберінде түрлі салаларда талантты талапкерлерге атаулы артықшылықтар беруге құқылы.

Дарынды балаларды қолдау және олардың әлеуетін ел экономикасы үшін пайдалану мақсатында тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін халықаралық олимпиадалардың, республикалық пәндік олимпиадалардың, шығармашылық конкурстар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздары қорытынды емтихандардан, ҰБТ-дан босатылатын болады және ЖОО-ға тікелей қабылданатын болады.

Бірыңғай емтихан тапсыру қорытындылары бойынша 9, 11-сынып бітірушілеріне мамандық пен колледжді таңдау жолымен ТЖКБ-мен кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырысты орналастырудың жаңа жүйесі енгізілетін болады. Бірыңғай емтихан тапсырған 11-сынып бітірушілері мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысады.

ТЖКБ жүйесінде кезең-кезеңімен кредиттік жүйе, жан басына қаржыландыру енгізілетін болады.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөле отырып, "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру жалғастырылады.

NEET санатындағы жастарды, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары, ауыл жастарын тегін ТЖКБ-мен қамтуды кеңейту жоспарлануда. Олар үшін орта буындағы мамандықтарға мемлекеттік білім беру тапсырысы көзделеді.

"Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") жобасы мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жалғасатын болады. "Серпін" жобасының түлектері оқу өңірінде жұмыспен және мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Жастар үшін жоғары білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар, жұмыс берушілер есебінен, оның ішінде нысаналы топтар үшін (әлеуметтік осал және табысы төмен санаттар) гранттар саны ұлғайтылатын болады. Талапкердің академиялық жетістіктерінің (merit-based) ғана емес, оның әлеуметтік-экономикалық мәртебесінің (need-based) пайдасына мемлекеттік білім беру гранттарын бөлу жүйесін қайта қарау жоспарлануда.

Жоғары білім алу үшін мемлекеттік гранттардың оқу жетістіктері мен әлеуметтік мәртебесіне байланысты бірнеше түрі болады.

2. Сапалы қосымша білім алуға қол жеткізуді арттыру

"Қосымша білім беру навигаторы" бағдарламалық қамтамасыз ету әзірленіп, іске асырылады, ол ата-аналар мен балаларға пайдаланушы немесе сараптамалық бағалауды көруге және қосымша білім беру ұйымдарын қалауы бойынша таңдауға мүмкіндік береді. Навигатордың ақпараттық модулінің әдіснамасын әзірлеу қосымша білім беру сапасына қол жеткізу факторлары мен шарттарын зерттеу нәтижелеріне (қосымша

білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы, педагогтердің сапалық құрамы, қосымша білім беру қызметтеріндегі ата-аналардың сұраулары) негізделетін болады.

"Ұшқыр ой алаңы" оқушылардың дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру жоспарлануда. Еліміздің барлық өңірлерінде дебаттық орталықтар мен клубтар ашылады.

Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында "Балалар мен театр" ағартушылық жобасы іске асырылатын болады.

"Қоғамға қызмет" волонтерлер жобасының әлеуметтік жобаларын іске асыру жоспарлануда.

"Ашық жүрек" жобасы бойынша колледждерде волонтерлер клубтарын құру, волонтерлердің өңірлік слеттерін өткізу қарастырылған.

Әлеуметтік студенттік кредит беру түрінде студенттерді материалдық көтермелеу арқылы жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүддесінде ерікті әлеуметтік бағытталған, қоғамға пайдалы қызметке тартылған жоғары оқу орындары студенттерінің үлесін арттыру үшін "Студенттік әлеуметтік кредит" жобасы іске асырылатын болады.

Барлық өңірлерде жергілікті бюджет және демеушілік қаражат есебінен Оқушылар сарайлары базасында балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторлар желісін дамыту жалғасады.

Елдің жоғары оқу орындарының базасында қазіргі заманғы балалар мен жастардың инновациялық жобалау-конструкторлық инжинирингтік орталықтары, зерттеу алаңдары желісі құрылатын болады.

Колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін өзін-өзі басқару органдарына, студенттік парламенттерге, клубтарға, Жастар ісі жөніндегі комитеттерге, волонтерлер мектептеріне, спорттық секциялар мен іс-шараларға тарту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

5.1.3. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету

Туғаннан бастап кәмелетке толғанға дейін балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, балаларды оқыту мен қорғаудың қауіпсіз және жайлы ортасын қаржыландыру мәселелері бойынша барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру мақсатында "Әлеуметтік шығындарға арналған ЖБ және РБ көлеміндегі балалар бюджетін" есептеу әдістемесі әзірленетін болады.

"Балалар бюджеті" – бұл балаларды қолдауға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді және балалардың мүддесінде мемлекеттік шығыстың тиімділігін бағалауды қамтитын шоғырландырылған бюджеттің өлшемі. "Балалар бюджетін" енгізу балалардың әл-ауқаты мен құқықтарын қамтамасыз етуге бағдарланған, балалар мүддесіндегі бюджет шығындарының деңгейін айқындауға,

сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті органдардың назарын балалардың барлық салалардағы мүдделері мен қажеттіліктерін есепке алуға аударуын күшейтуге мүмкіндік береді.

"Балалар бюджетін" иемдене отырып, мемлекеттік органдар бюджет саясатындағы басымдықтарды, оның биліктің әлеуметтік міндеттемелеріне сәйкестігін анықтау құралына ие болады. "Балалар бюджетін" есептеу әдістемесін әзірлеу балаларға бөлінетін мемлекеттік бюджеттің жалпы сомасының мониторингін енгізуге мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, жергілікті атқарушы органдар жүйелерінің деректер базаларын біріктіру жүзеге асырылатын болады.

Балалардың әл-ауқатын бағалауға және жағдайын жақсартуға көп өлшемшартты тәсіл қолдану үшін 2020 жылы Баланың әл-ауқатының индексі қосымша сынақтан өткізіліп, 2022 жылы енгізіледі.

Балаларға қатысты және олардың арасындағы зорлық-зомбылықты жасырмау үшін жыл сайын кәмелетке толмағандарға қатысты және олардың арасында зорлық-зомбылық деңгейін айқындау бойынша тиісті әлеуметтік зерттеулер жүргізілетін болады.

Мектептердегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою, сондай-ақ оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық туралы хабардарлықты арттыру үшін өмірлік дағдыларды қалыптастыру және суицидтің алдын алу жөніндегі бағдарламалар іске асырылатын болады.

Қауіпсіз жағдайлардың алдын алу және жасау мақсатында білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйесімен, оның ішінде мектеп ас блоктарымен жарақтандыруды 100 %-ға дейін жеткізу, сондай-ақ қолайлы жағдайлармен, мектепке қауіпсіз тасымалдаумен және т.б. қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Қауіпсіз кіріп-шығу, мамандандырылған күзет және бақылау жүйесі қамтамасыз етілетін болады.

Мектеп асханаларының жағдайы, оның ішінде МЖӘ есебінен жақсартатын болады. Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру балалар мен ата-аналардың қажеттіліктерін ескере отырып өзгереді.

Тамақтану нормалары мен рационы қайта қаралатын болады. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға кезең-кезеңімен көшіріледі, мектеп ас блоктары бейнебақылаумен қамтамасыз етіледі, бракераждық комиссиялардың қызметі жандандырылады.

"Тәуекел тобындағы" балаларды ерте анықтау және оларға уақтылы көмек көрсету, буллингті болдырмау мақсатында білім беру ұйымдарының психологиялық қызметі мен мектептердегі татуласу қызметтері күшейтіледі.

Қала сыртындағы балалар лагерьлерінің желісі, оның ішінде МЖӘ есебінен дамитын болады. Қала сыртындағы балалар демалысын ұйымдастыру басым бағытқа ие болады. Жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік жағынан осал, аз қамтылған

отбасылардан шыққан балаларға, "тәуекел тобындағы" балаларға, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған жазғы лагерьлердің тақырыптық ауысымдарын ұйымдастыратын болады.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалары бар отбасыларға әлеуметтік-құқықтық және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жөніндегі орталықтар мен психологиялық қызметтер желісін дамыту (балалар үйлерін трансформациялау) жалғастырылады.

Балаларды рухани дамуына зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу жоспарлануда.

Білім беру ұйымдарының тәрбие жұмыстарының жоспарлары балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша жұмысты қамтитын болады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың түлектерін жұмысқа орналастыру үшін бизнес пен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері тартылатын болады.

Ата-аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға құқықтық және консультациялық көмек көрсету бойынша асырап алушы ата-аналар мектептерін дамыту жұмысы жалғастырылатын болады.

Сондай-ақ жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азаматтардың отбасыларына орналастыру мәселелері бойынша коммерциялық емес және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізу жалғасады.

Арнайы және инклюзивті білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету оңтайландырылады және автоматтандырылады, оның шеңберінде денсаулық сақтаудың және әлеуметтік қорғаудың ақпараттық жүйелері интеграцияланады. Бұл психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға (бұдан әрі – ПМПК) "медициналықтан" "педагогикалық" үлгіге көшуге мүмкіндік береді. ПМПК қызметі балалардың білім алу қажеттіліктерін айқындауға бағытталады болады.

ПМПК мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің (бұдан әрі – ППТК) қызметін күшейту мақсатында оларды орналастыру нормалары пысықталады, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге құжаттар қабылдау автоматтандырылады, сондай-ақ инклюзивті практикаларды дамыту және педагогтермен тәжірибе алмасу үшін мектептер базасында ресурстық орталықтар құрылады. ППТК мен ПМПК желісі кеңейтіледі. Мектептер мен колледждер ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар инклюзивті ортада балаларды сүйемелдейтін тиісті мамандармен қамтамасыз етілетін болады.

Педагогтерге, ата-аналарға, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға мобильді консультациялық-әдістемелік көмек енгізілетін болады.

Кәсіби стандарт негізінде инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтер (пән мұғалімдері, педагогтер, педагог-ассистенттер және басқалар) үшін біліктілік талаптары жаңартылады.

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды түзеу арқылы педагогикалық қолдау мақсатында мемлекеттік тапсырысты орналастыру кезінде жан басына шаққандағы қаржыландыру (әлеуметтік рюкзак) нормалары әзірленетін болады.

Білім беру ұйымдары ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларға жағдай жасауды қамтамасыз ету (арнайы жабдықтармен, жиһазбен, кадрлармен, оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен, пандустармен, көтергіштермен, лифтілермен және т.б. жарақтандыру) жұмысын жалғастыратын болады.

Балалармен іс-шаралар, оның ішінде туристік жорықтар, экспедициялар және білім алушылармен экскурсиялар өткізу қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру шаралары қабылданатын болады.

5.1.4. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу

Білім беру сапасын бақылаудан оны қамтамасыз етуге көшу мақсатында білім беру ұйымдарының сапасын бағалау және әдістемелік қолдау жүйесінің тетіктері жетілдіріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін олардың қызметін кезең-кезеңімен лицензиялауды енгізу жоспарлануда. Мектепке дейінгі ұйымдардың рейтингі сынақтан өткізіліп, оған ата-аналар бағалауы енгізіледі.

Білім беру қызметінің сапасы төмен мектептерді анықтау және оларға атаулы қолдау көрсету мақсатында мектептердің білім беру саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігі бойынша орта білім беру сапасына сараптамалық шолу (инспекциялау) институты енгізілетін болады. Орта білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары жетілдірілетін болады. Сондай-ақ білім беру қызметіне, мектептерге, гимназияларға, лицейлерге, колледждер мен жоғары оқу орындарына қойылатын жаңа біліктілік талаптары енгізілді.

Орта білім беру сапасына сараптамалық шолу (инспекциялау) нәтижелері бойынша оқу-әдістемелік қолдауды, педагогтердің әлеуетін арттыруды, материалдық-техникалық жарақтандыруды және т.б. қоса алғанда, білім беру сапасын жақсарту жөніндегі стратегиялар әзірленетін болады. Білім беру жөніндегі инспектор мамандардың, консультант-инспекторлардың және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі мамандардың әлеуеті мен мәртебесін арттыру жүзеге асырылатын болады.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, білім беру ұйымдарының білім алушыларын сыртқы бағалау тетігі жетілдірілетін болады.

Балаларға қосымша білім беретін мектептен тыс мемлекеттік ұйымдарды аккредиттеу, лицензиялау жөніндегі мәселелер пысықталады, қосымша білім беру

педагогтерін аттестаттау жүйесі жетілдіріледі, аттестаттау және біліктілік санатын беру үшін бағалау құралдары әзірленетін болады.

Орта, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде мемлекеттік бақылауды жетілдіру мәселесі пысықталатын болады, бұл жоғары оқу орындарының желісін оңтайландыруға алып келеді.

Білім беру ұйымдарына әкімшілік жүктемені төмендету және анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру мақсатында оларға бармай-ақ профилактикалық бақылау жүргізу енгізілетін болады.

Мектепте өлшемшарттық бағалау жүйесі жетілдірілетін болады. Оқушыларды ішкі бағалаудың (формативті және жиынтық бағалар, балдар) объективтілігін арттыру жұмысы жалғасады.

Оқу бағдарламаларындағы өзгерістер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына күтілетін нәтижелеріне сәйкес бағалау құралдарын жүйелі қайта қарауды талап етеді. Қорытынды аттестаттауды өткізудің тапсырмалары мен форматы, PIRLS, PISA, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің, сондай-ақ SAT тестінің құралдарымен ұқсастығы бойынша функционалдық сауаттылық пен құзыреттілікті өлшеуге бағытталған сұрақтарды қоса отырып, ҰБТ мазмұны және т.б. қайта қаралатын болады.

Орта білім берудің әрбір деңгейінде (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің) репрезентативтік іріктеу негізінде білім алушылардың дағдыларын меңгеру срезі енгізілетін болады. Функционалдық сауаттылықты бағалаудың басымдықтары математикалық, жаратылыстану-ғылыми, оқырман және компьютерлік сауаттылық болады.

Қазақстандық оқушылардың PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне, сондай-ақ Қазақстанның PIAAC қатысуы жалғасады. Жекелеген мектептерді объективті және тәуелсіз бағалау үшін қазақстандық білім алушылар жыл сайын PISA-based Test for Schools қатысады.

Техникалық және кәсіптік білім беруде WorldSkills тәсілі бойынша студенттердің практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихан түрінде студенттерді қорытынды бағалаудың жаңа жүйесі енгізілетін болады.

Қазақстан колледждерінің қызметін бағалау және ТжКБ білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін бәсекелестік пен ынталандырудың қосымша құралын жасау мақсатында ТжКБ ұйымдары арасында рейтинг өткізу бойынша жұмыс жалғастырылады. Мемлекеттік органдар, білім басқармалары үшін рейтингтік көрсеткіштер жүйесі басқарушылық шешімдерді қабылдаудың негізі болады.

"Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы тізілімінде тіркелген сертификаттау орталықтарында реттелетін кәсіптер мен мамандықтар бойынша ТжКБ түлектерін тәуелсіз сертификаттауды енгізу практикасы кеңейтіледі.

Жоғары оқу орындарына халықаралық стандартталған SAT, ACT, GMAT, GRE сертификаты негізінде ҰБТ-мен, кешенді тестілеумен және магистратура мен докторантураға түсу емтихандарымен бірдей баламалы қабылдау тетігі енгізілетін болады. Талапкерлердің білім деңгейі мен олардың отбасы табыстарын ескере отырып, гранттар беру моделін жетілдіру жоспарлануда.

Студенттердің білімін бағалау жүйесінің сапасын жақсарту үшін Академиялық адалдық лигасына кіретін жоғары оқу орындарының санын толықтыруды жалғастыру қажет.

Жоғары оқу орындарының білім беру қызметтерінің сапасын ішкі және сыртқы қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту көзделуде. Аккредиттеу тиімділігін арттыру мақсатында сапаны сыртқы қамтамасыз етудің рәсімдеріне және қолданылатын стандарттарына қойылатын талаптар пысықталатын болады. Бұл ретте жоғары оқу орындарын аккредиттеу рәсімдерін бейіндеуге кезең-кезеңімен көшу жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте жоғары оқу орындарын аккредиттеу рәсімдерін бейіндеуге кезең-кезеңімен көшу жөніндегі мәселе пысықталатын болады.

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау, жоғары оқу орындарын басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында студенттердің, бітірушілердің, ОПК және жұмыс берушілердің қатысуымен ЖОО-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және академиялық адалдықты сақтау тұрғысынан тәуелсіз зерттеу жүргізіледі.

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтерін аттестаттау Педагогтің кәсіби стандартының талаптары негізінде жүргізілетін болады.

5.1.5. Экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес кәсіптік даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету

1. Өмір бойы білім алу қағидаты негізінде мектепке дейінгі білім беруден жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейінгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету.

Білім беру деңгейлері арасындағы мазмұнның сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында бүкіл білім беру траекториясы бойы жинақталатын өтпелі негізгі құзыреттер айқындалатын болады. Бұл құзыреттер білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының құндылығы мен мазмұндылығын, білім беру саласындағы басқа да негіздемелік құжаттарды (салалық біліктілік шеңбері, кәсіби стандарттар) айқындау үшін негіз болады.

Негізгі құзыреттілік ретінде үш тілде білім алушылардың коммуникативтік дағдылары дамитын болады. Мектептерде педагог кадрлардың дайындығына қарай және оқушылар мен ата-аналардың қалауын ескере отырып, жекелеген пәндерді үш

тілде оқытуға біртіндеп көшу қамтамасыз етіледі. "Ағылшын тілі" пәні бойынша мектепте әрбір оқу жылынан кейін тілді меңгеру деңгейіне, оқыту әдістеріне қатысты өзгерістер енгізілетін болады.

Мемлекеттік тілді басым дамыту білім беруді әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқыту есебінен күшейтілетін болады. Ол үшін гуманитарлық пәндерді тереңдетіп оқытатын Абай атындағы мектептер мен мектеп-интернаттарының желісі құрылатын болады.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі бойынша әрбір оқу жылынан кейін тілді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар айқындалатын болады.

Сабақтастықты қамтамасыз ету үшін формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін танудың интеграцияланған жүйесі құрылатын болады. Цифрлық білім беру ресурстарын, бұқаралық ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын (MOOCs) дамыту жөніндегі жұмыс жалғасады.

Ересектерге кәсіптік дамуға бағытталған "өмір бойы білім алу" қағидаты бойынша білім беру үшін жоғары оқу орындарының базасында "күміс университеттердің" жұмыс істеу тетіктері пысықталатын болады.

Техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жанынан балаларға Soft Skills және World Skills дағдыларын үйрету үшін үйірмелер, студиялар, шеберханалар, зертханалар ашу мәселесі пысықталатын болады.

Әрбір студенттің онлайн-курстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орындарын "Қазақстанның ашық университеті" платформасына қосу жұмысы жандандырылатын болады.

Олардың сапасын қамтамасыз ету бойынша тетіктерді әзірлей отырып, прокторинг және қашықтық технологиялар элементтерімен онлайн оқытуды кезең-кезеңімен енгізу жоспарлануда.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты күшейту шеңберінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы қайта қаралады және жазғы айларда мектепалды даярлық күшейтілетін болады. Жазғы айларда мектепалды даярлық мазмұнында сауатты және математикаға оқыту қарастырылады.

Орта білім берудің жаңартылған мазмұнға көшуі аяқталғаннан кейін 12 жылдық оқытуға кезең-кезеңімен көшу басталады. 12 жылдық мектептің жоғарғы сатысы болашақ кәсіпті таңдау үшін элективті пәндерге бейінделеді. Оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жаңартылады. Республикалық оқу-әдістемелік кеңестердің жұмыс істеуіне қойылатын талаптар жетілдірілетін болады

Білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету шеңберінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірлеудің, сараптаудың және басып шығарудың жаңа жүйесі енгізілетін болады. Қазіргі заманғы оқулықтың тұжырымдамалық моделі әзірленеді, сарапшылардың біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылады, құпиялылықты сақтай отырып, оқытылған және сертификатталған сарапшылар қатарынан сарапшылар базасы қалыптастырылады. Оқулықтарды әзірлеу, талқылау және сараптау және оларды білім беру ұйымдарына онлайн-режимде жеткізуді бақылау үшін цифрлық платформа құрылатын болады. Қолданыстағы оқулықтарды кезең-кезеңімен қайта басып шығару көзделеді. Барлық оқулықтар цифрланып, ашық платформаларда орналастырылады. Қағаз оқулықтарды пайдаланумен қатар электрондық оқулықтарға біртіндеп көшу жүзеге асырылатын болады.

"Әліппе" пәні Ахмет Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде 1-сыныпта латын графикасы негізінде оқытылады.

Латын графикасына көшу жоспарлы тәртіппен кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады.

Білім берудің жаңартылған мазмұнын бекіту және одан әрі жетілдіру мақсатында жетекші ғалымдарды, сарапшыларды және практиктерді тарта отырып, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, мониторинг, талдау және бағалау қамтамасыз етілетін болады. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымдарымен және басқа да даму институттарымен, педагогикалық жоғары оқу орындарымен бірлесіп, ұзақ мерзімді қолданбалы зерттеулер жүргізу және Қазақстанның орта білім беру жүйесін ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу үшін күш біріктіретін тораптық орталық құрады.

Білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізуге ауқымды зерттеу жүргізілетін болады.

Бірыңғай білім беру траекториясы шеңберінде колледждердегі жалпы білім беретін пәндердің мазмұны жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына сәйкес қайта қаралатын болады. ТжКБ ұйымдарының түлектерін оқыту нәтижелері жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алған кезде ескерілетін болады. Бұл үшін жоғары білімнің 1-2-курсының бағдарламаларымен интеграцияланған орта білімнен кейінгі білім беру (қолданбалы бакалавриат) бағдарламаларын енгізу жұмысы жалғасатын болады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктілігінің сыныптауышы Білім беру халықаралық стандарттар жүктемесі мен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының сыныптауышын ескере отырып өзектендіріледі. Оқыту нәтижелері бойынша сынақ

бірліктерінің еуропалық жүйесінің (ECVET) әдіснамасын бейімдеу негізінде білім беру бағдарламаларының тізілімі және оқу нәтижелерін бағалау, тану, жинақтау және аудару ұлттық жүйесі құрылатын болады.

WorldSkills халықаралық талаптарын ескеретін модульдік-құзыреттілік тәсілге негізделген бағдарламаларды енгізу жалғастырылады.

Аталған бағдарламалар студентке әр біліктілікті алғаннан кейін еңбек нарығына шығу мүмкіндігімен бір оқу мерзімі шеңберінде бірнеше біліктілік алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар студенттің біліктілік деңгейін арттыру үшін оқуын жалғастыру мүмкіндігі болады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жаңғырту ХХІ ғасырдың жаһандық және пәнаралық құзыреттері (оның ішінде волонтерлік, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік, көшбасшылық, коммуникативтік, зерттеу дағдылары, іскерлік және т.б.) және орта білім берудің жаңартылған мазмұны контекстінде жүзеге асырылады.

Жаңа білім беру бағдарламалары өмір бойы оқытуды болжайтын, тез өзгермелі VUCA әлемінде қажетті икемді және кәсіби дағдыларды (soft skills, hard skills) қалыптастыруға бағдарланатын болады.

Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберін өзектілендіру және оны Еуропалық жоғары білім кеңістігінің (бұдан әрі – ЕЖБК) қазақстандық академиялық дәрежелер мен біліктіліктерді тануға бағытталған ЕЖБК біліктілік шеңберіне (Ұлттық біліктілік шеңберінде өзін-өзі сертификаттау) сәйкес келтіру жоспарланып отыр.

Реттелетін кәсіптер бойынша сертификаттау жүйесін енгізу шеңберінде біліктілікті және оқыту нәтижелерін растауға бағытталған Ұлттық біліктілік тестін тапсыру әдіснамасын жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Бұл ретте педагогтердің біліктілігін арттыру және тәуелсіз сертификаттау жүйесі еңбек нарығының қажеттіліктеріне және ел педагогтерінің жеке кәсіби қажеттіліктеріне сай келетін болады.

2021 жылдан бастап ЖОО түлектеріне жеке үлгідегі диплом беріледі. Диплом беру тәртібі өзгереді.

Білім беру саясатын уақтылы түзету және ұлттық деңгейде оқуды аяқтағаннан кейін түлектердің жұмыспен қамтылуын арттыру үшін 2020 жылдан бастап ЖОО түлектерін даярлау сапасына қанағаттануға баға берілетін болады.

Сот және құқық қорғау жүйелерін институционалдық қайта құру шеңберінде заңтану саласында кадрлар даярлаудың сапасын күшейту шаралары қабылданатын болады. Елімізде заңдық білімді жаңғырту үшін заңдық білім беру стандарттары жетілдірілетін болады.

2. Техникалық және кәсіптік білім берудің тартымдылығын арттыру

Ел экономикасын технологиялық жаңғырту жағдайында еңбек нарығы үшін құзыреттіліктің әмбебап жиынтығы, белсенді азаматтық ұстанымы, тұлғааралық дағдылары мен жүйелі ойлау қабілеті бар кадрлар қажет.

"Қазақстан Республикасы колледждерінің топ-100 студенті" жобасын іске қосу, сондай-ақ WorldSkills, JuniorSkills, DeafSkills және Abilimpics қозғалыстарына оқушылар мен студенттерді кеңінен тартуды қамтамасыз ету жоспарлануда. Ұлттық құраманың, оның ішінде әлемдік чемпионаттың сарапшылары мен қатысушыларының кәсіби және тілдік даярлық деңгейін арттыру арқылы олимпиадалық резерв мектебі қағидаты бойынша WorldSkills өңірлік және республикалық чемпионаттарын ұйымдастыру және өткізу жүйесі жетілдірілетін болады. Ұлттық құраманы қазіргі заманғы құралдармен жарақтандыру, оның ішінде жұмыс берушілер есебінен жарақтандыру, WorldSkills, Hi-TechSkills, DigitalSkills, AgroSkills чемпионаттарында ұлттық құрамаға қатысушылардың жаттығуларын қамтамасыз ету көзделетін болады.

WorldSkills халықаралық чемпионаттарының жүлдегерлері жергілікті бюджет және демеушілер есебінен жоғары оқу орындарында оқуға грант алу мүмкіндігіне ие болады.

"Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және "Шетелдік инвесторлардың қазақстандық кеңесі" қауымдастығымен бірлесіп, салалық кәсіпорындардың қызметкерлері арасында "WorldSkills" қозғалысы дамитын болады.

ТЖБ студенттері арасында таланттарды ашу үшін бос орындар жәрмеңкелерінің және алаңдардың баламаларын құру мақсатында шетелдік және отандық компаниялармен бірлесіп, жыл сайын цифрлық дағдыларды – Хакатон қолдана отырып, түрлі салаларда IT-шешімдерді әзірлеу бойынша өңірлік және республикалық идеялар конкурстары өткізілетін болады.

Жастарды колледждерге тарту үшін оқушылар арасында ерте кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйесі құрылады, жұмысшы кәсіптерін және орта буындағы білікті мамандарды танымал ету бойынша ауқымды PR-науқан өткізіледі.

"Мектеп-колледж" кешенін құру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

3. Қазақстандық жоғары білімнің халықаралық тартымдылығын арттыру

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тартымдылығын арттыру және қазақстандық жоғары оқу орындарының халықаралық білім беру кеңістігіндегі (QS WUR, Times Higher Education және т.б.) орнын белгілеу мақсатында оқыту үшін қолайлы жағдай жасауды (инфрақұрылым, әлеуметтік пакет, гранттар, стипендиялар, т.б.), оқу кезеңінде шетелдік студенттің келуін ұйымдастыру жүйесін, ақпараттандыру тетіктерін, студенттік визаны алуды оңайлатуды, оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналастыруды қамтитын интернационалдандыру стратегиясы іске асырылатын болады.

Жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін және олардың ұстанымдарын әлемдік деңгейде, сондай-ақ өңірлік деңгейде күшейту үшін жоғары оқу орындарының "Халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті", "Ұлттық деңгейде бәсекеге қабілетті" және

"Өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті" топтарын қалыптастыру үшін өлшемшарттар пысықталатын болады.

Өңірлік білім беру хабын құру және үздік жоғары оқу орындарына шетелдік оқытушылар мен шетелдік студенттерді тарту жұмысы жалғасады. Сондай-ақ, екі дипломды бағдарламаларды, студенттер мен жоғары оқу орындары ОПК-ның сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының әртүрлі нысандарын дамыту, қазақстандық университеттер базасында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының кампустарын ашу жоспарлануда. Жалпы бұл талантты жастардың кетуін қысқартуға мүмкіндік береді.

Білім беру қызметтерінің экспортын шетелде жетекші қазақстандық жоғары оқу орындары филиалдарының жұмыс істеуі арқылы жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Сапаны қамтамасыз ету мақсатында шетелдік студенттерге білім беру қызметтерін көрсететін қазақстандық жоғары оқу орындарының тізілімін қалыптастыру тәсілдері мен оларға қойылатын талаптар, сондай-ақ Қазақстан аумағында білім туралы құжаттары танылатын шетелдік жоғары оқу орындары үшін өлшемшарттар пысықталатын болады.

Шетелдік студенттердің кеңес алуы үшін алаң ұйымдастыру мақсатында "Education in Kazakhstan" бірыңғай сайтының базасында онлайн портал енгізілетін болады.

Шетелдік студенттер мен қазақ диаспорасына арналған стипендиялық бағдарлама іске асырылатын болады. Бұл бағдарлама шетелдік студенттерді тарту үшін катализатор болуға тиіс.

Ғылыми әлеуеті жоғары жоғары оқу орындарын қолдау моделіне қосымша университеттерді зерттеу университеттеріне ауыстыру пысықталатын болады.

Ғылыми экожүйенің жұмыс істеуі үшін жағдай жасау және зерттеу жоғары оқу орындарында постдокторантура бағдарламасын дамыту жұмысы жалғастырылады. Жоғары оқу орындарындағы ОҚП-ның Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1-ші, 2-ші және 3-ші квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында Cite Score бойынша процентиль көрсеткіші бар басылымдардағы жарияланымдарын көбейту, сондай-ақ постдокторлық бағдарламалар шеңберінде жобалық менеджмент саласында сертификатталған зерттеушілерді даярлау күтілуде.

Академиялық адалдық пен зерттеу этикасының қағидаттарын енгізу жетекші халықаралық жоғары оқу орындарының және Назарбаев университетінің тәжірибесіне сәйкес институционалдық және академиялық деңгейлерде жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар барлық жазбаша жұмыстарды тексеру үшін танылған халықаралық антиплагиат ақпараттық жүйесін қолдану білім алушылар мен оқытушылардың жауапкершілігін арттырады. Жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар Scopus және Web of Science деректер базасына енгізу мақсатында бәсекеге қабілетті қазақстандық ғылыми басылымдарды қолдау жөнінде шаралар қабылдайтын болады, бұл отандық

ғалымдардың мақалаларын жариялау рәсімдерін жеңілдетеді және оларға әлемдік қауымдастық үшін қолжетімділікті кеңейтеді.

4. Экономика талаптарына кадрларды даярлауға әріптестердің қатысуын арттыру

Республикалық кәсіптік бағдар және мансап орталығы құрылатын болады. Барлық өңірлерде талапкерлерге болашақ кәсіпті таңдауда көмек көрсету үшін "Кәсіптер навигаторы" мобильдік қосымшасы қолжетімді болады. Барлық мемлекеттік колледждерде жұмысқа орналастыру және мансап орталықтарын құру бітірушілердің жеке кәсіби даму траекториясын құруға ықпал етеді.

ТЖКБ жүйесіне халықаралық салалық стандарттарды енгізу мәселесі пысықталатын болады. ТЖКБ құзыреттері орталықтарының осы стандарттар бойынша салалық аккредиттеу рәсімінен өтуі халықаралық үлгідегі сертификатты одан әрі беру үшін міндетті шарт болады.

Құзыреттілік орталықтары үздіксіз білім беруге және өз құзыреттері мен перспективаларын кеңейтуге, оның ішінде онлайн-курстар мен қашықтықтан оқыту арқылы кеңейтуге дайын студенттер мен мамандардың кәсіби өсуіне ықпал етеді. Орталықтар базасында инновациялық жобаларды қолдау үшін стартап-аандар, халықаралық стандарттарды іске асыру үшін жаттығу полигондары мен лагерьлер жұмыс істейтін болады.

WorldSkills қамқоршылық кеңесін құру арқылы ірі бизнесті тарту жолымен бизнес пен техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің бірлескен күшін шоғырландыру болжанып отыр.

2020 жылдан бастап дуальды оқыту бойынша кадрлар даярлауға қатысатын кәсіпорындарды ынталандыру үшін олардың тәлімгердің еңбегіне ақы төлеу шығындарын, мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберіндегі шығыс материалдарын өтеу жоспарлануда.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлау сапасын арттыру мақсатында мүдделі тараптардың өзара тиімді әріптестігінің әлемде танылған нысандары (желілік білім беру, салалық кластерлер, ірі және орта бизнес субъектілерінің оқу орындарына қамқорлығы, оқушылар, шарттық қатынастар және т.б.) енгізілетін болады. Жекелеген жағдайларда оқу орындарын сатып алу құқығынсыз және өңірдің қажеттілігіне қарай МЖӘ тетіктері арқылы ірі қала құраушы кәсіпорындарға кадрлар даярлау үшін олардың бейінін өзгертпей сенімгерлік басқару мәселелері пысықталатын болады.

Индустриялық кеңестерді енгізу әлеуметтік әріптестермен белсенді ынтымақтастыққа ықпал ететін болады.

5.1.6. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі тәрбие мен оқыту жүйесі бірыңғай идеологиялық және құндылық тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі

тараптарды: отбасын, білім беру ұйымы мен қоғамды кеңінен тарта отырып, кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Бұл ретте білім беру ұйымдары білім алушылардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен тұлғааралық өзара іс-қимылдарды кеңейтуге және өзара жауапкершілік қағидаты бойынша ынтымақтастық құруға назар аударған жөн.

Тәрбие жұмысының негізін Елбасының адамгершілік мұрасы – "Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту" және "Ұлы даланың жеті қыры" атты бағдарламалық мақалалары құрайды. "Туған елге тағзым" жалпыреспубликалық экспедициясын қамтитын "Ұлы дала мұрагерлері" жобасы, "Тарих тағылымы" (қалалар мен ауылдардың, көшелердің тарихын және мемлекеттің дамуына үлес қосқан тұлғаларды зерттеу) және "Қазақ мәдениетінің антологиясы" (ақындар, жырау, күйші шығармашылығы арқылы ұлттық фольклорды зерттеу) әлеуметтік жобалары жалғасатын болады. Басты рөл білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымына беріледі, ол білім алушылардың "моральдық компасты" – дұрыс пен бұрысты ажырата білу сезімін және бақытты өмір сүруге қажетті берік мінез-құлықты бойға сіңірудегі пайымын айқындайды мен көшбасшылық қасиетін қамтамасыз етеді.

Білім алушыларды ұйымдасқан қоғамдық қызметке тарту "Жас қыран" (1-4 сыныптар), "Жас Ұлан" (5-10 сыныптар) балалар-жасөспірімдер қозғалысына, сондай-ақ "Жас Сарбаз" әскери-патриоттық клубына (колледж, ЖОО) кең және тұрақты мүшелікке ену жолымен қамтамасыз етілетін болады.

Білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде отбасы құндылықтары мен отбасы институтының маңыздылығы дәріптелетін болады. Zhastar KZ жобасы шеңберінде "Ата-аналар мектебі" бастамасын іске асыру жалғасады, отбасылық тәрбие мәселелерінде психологтардың, сынып жетекшілерінің және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру енгізіледі. Білім беру ұйымдарында "Жастар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау", "Аналар мектебі", "Әкелер мектебі" жобалары енгізілетін болады, "Менің болашақ отбасым" тақырыбында эссе жазу бойынша өңірлік конкурстары енгізіледі.

Барлық мектептер мен колледждерде ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, балаларды тәрбиелеуде отбасының рөлін арттыруға бағытталған "Құндылықтарға негізделген білім беру" жобасы іске асырылатын болады, сондай-ақ "Білім-инновация" лицейлерінің тәжірибесі негізінде мектеп пен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматы енгізілетін болады. Оқыту мен тәрбиеге құндылық-бағдарлы көзқарас мектеп климатында, мәдениетінде, барлық қызметкерлердің мінез-құлқында және қарым-қатынасында көрініс беретін мектептердің барлық мектеп жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл бағдарлама өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, әлеуметтік жауапкершілік пен оқушылардың әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бағдарлама құндылықтардың оқу бағдарламаларының мазмұнына кірігуін көздейді. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде

директорлардың, директорлар орынбасарларының, оқытушылардың, психологтардың оқытуда құндылық-бағдарлы тәсілді енгізу мәселелері бойынша біліктілігін арттыру енгізілетін болады.

Білім алушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында әскери-патриоттық клубтардың рөлі күшейтіледі, олардың қызметін облыстық білім басқармалары деңгейінде үйлестіру жүзеге асырылады.

Оқушыларды бұқаралық спорт түрлерімен қамтуды арттыру жұмыстары жалғастырылады. Мектептерде спорттық мүкәммалдар жаңартылып, спорт залдарын орналастыру, оның ішінде тез салынатын құрылымдар есебінен орналастыру мәселесі шешілетін болады. Сондай-ақ әрбір мектеп спорт залымен қамтамасыз етіледі. Ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша ұлттық спорт лигалары, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша оқушылар спартакиадасы дамитын болады.

ТЖКБ ұйымдарының студенттерін спортпен айналысуға тарту мақсатында спорт түрлері бойынша жыл сайынғы спартакиада өткізілетін болады.

Жоғары оқу орындарының спорт клубтары институционалдық мәртебеге, оның ішінде МЖӘ есебінен ие болады.

2020, 2022, 2024 жылдары балалар спортын танымал ету және дамыту мақсатында Қазақстан оқушылар арасындағы Дүниежүзілік жазғы гимназиядаға қатысады.

Экологиялық тәрбие, қоршаған ортаға ұқыпты қарау, қаржылық және кәсіпкерлік дағдыларды дарыту тәрбиелік іс-шаралар кешені арқылы жүзеге асырылатын болады.

Колледждер мен жоғары оқу орындарында білім беру процесін автоматтандыру жолымен парасаттылық қағидаттарын енгізу, оның ішінде білім алушыларға "бір терезе" қағидаты бойынша қызмет көрсету, оқуға түсу және мемлекеттік қызметтерді алу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету жалғастырылатын болады.

5.1.7. Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру

1. Авариялық және үш ауысымды мектептерді қысқарту, оқушы орындарының тапшылығын төмендету, сондай-ақ оқу кезеңінде студент жастардың өмір сүруі үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету

Демографиялық өсу мен урбанизациялауды ескере отырып, оқушы орындарының тапшылығы туралы деректер негізінде мектептер желісін кеңейту, оның ішінде МЖӘ есебінен кеңейту жұмысы жалғастырылатын болады. Орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қаржыландырудың жаңа әдістемесі енгізілетін болады. Құрылысқа қаржыландыруды бөлу кезінде ғимараттың табиғи тозуы, ғимараттың авариялығы, күрделі жөндеуге қажеттілік, үш ауысым, оқушы орындары тапшылығының болуы, халықтың табиғи өсімі мен көші-қоны басымдықтар болады. Қаржыландыру көлемі өңірдегі бір оқушыға арналған нормативке сүйене отырып айқындалатын болады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жалғастырылады және құрылыс немесе оқушы орнын қайта жаңарту жолымен, оның ішінде МЖӘ шеңберінде жаңадан енгізілген әрбір жекеменшік орта білім беру ұйымдары ғимараттарының амортизациясына арналған шығыстарды төлеу енгізілетін болады.

Студенттердің, магистранттар мен докторанттардың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында МЖӘ тетігі есебінен жатақханаларда төсек-орын енгізу жалғастырылады. 2025 жылға дейін 90 мың төсек-орын енгізу жоспарлануда.

2. Ерекше мұқтаж білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жарақтандырылуы мен цифрлық инфрақұрылымын жақсарту

Шағын жинақты мектептердің проблемаларын шешу үшін оларды ашудың орындылығы мен өңірдегі қажеттілігіне қарай ресурстық орталықтарды басқару, қаржыландыру, кадрлық қамтамасыз ету және олардың жұмыс істеуі мәселелерін қамтитын әртүрлі модельдер әзірленіп, сынақтан өткізілетін болады. Орталықтан басқарылатын шағын жинақты әріптес мектептер үшін тірек мектептер жұмыс істейтін болады. Тірек мектептердің жанынан мектеп жанындағы интернаттар салу көзделген, бұл мектептері немесе тиісті деңгейдегі мектептері жоқ елді мекендердегі балаларды оқытумен қамтамасыз ету проблемасын шешеді.

Білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымын (сымсыз коммуникациялар, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық жабдықтар, жергілікті желі, кеңжолақты интернетке қол жеткізу және т.б.) дамыту жұмысы жалғастырылады. Дүниежүзілік банктің "Орта білім беруді жаңғырту" жобасын іске асыру шеңберінде 5 000-нан астам мектеп 100 000 ноутбукпен және 20 000 принтермен қамтамасыз етіледі. Интернетке қосылмаған не қосылу жылдамдығы төмен 2 500-ден астам мектеп 1200 деректерді өңдеу орталығына ие болады. Нәтижесінде барлық педагогтерді компьютерлермен қамтамасыз ету бойынша "1 мұғалім – 1 компьютер" жобасы іске асырылады.

Мектептер химия, биология, физика пәндері кабинеттерімен, STEM-кабинеттермен жарақтандырылады. Еңбекке оқыту кабинеттері жаңғыртылатын болады.

Мектебі жоқ елді мекендерде тұратын балаларды мектепке дейін және кері үйге жеткізуді ұйымдастыру жұмысы жалғастырылатын болады. Балаларды сапалы және қауіпсіз тасымалдау үшін балаларды тасымалдауды, оның ішінде МЖӘ арқылы тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік паркі жаңартылып, толықтырылатын болады. Сондай-ақ балалардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды арттыру мақсатында балаларды тасымалдау тәртібі де өзгертілетін болады.

Білім беру ұйымдарында интернаттарды жаңғырту, оларда болу жағдайларын жақсарту, оның ішінде МЖӘ тетіктері есебінен жақсарту жұмыстары жүргізілетін болады.

Инфрақұрылымдық проблемаларды шешу мақсатында құрылыста модульдік конструкциялар технологиясы, оның ішінде аз қоныстанған ауылдық мекендерде қолданылатын болады.

Ірі типтік мектептердің жобалары әзірленетін болады.

Білім берудің барлық деңгейлерінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қолжетімділік пен жеке тұлғаға бағдарланған орта құру жұмысы жалғасатын болады. Сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы жақсаратын болады.

Білім беру ұйымдарын жарақтандыру кезінде жиһаз бен жабдықтардың денсаулық сақтау сипаттамаларына ерекше назар аударылатын болады.

Қосымша білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру жөніндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер жетілдірілетін болады.

Мектептен тыс ұйымдарды жаңғырту, оларда балалардың болу жағдайларын жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен жақсарту жұмысы жүргізілетін болады.

Жергілікті атқарушы органдар кең бейінді мектептен тыс ұйымдар желісін (оқушылар сарайлары, үйлері, орталықтары, өнер мектептері, аула клубтары және т.б.) дамытудың Жол картасын әзірлейді және іске асырады.

Оқушылар сарайларында балаларға арналған технопарктер мен бизнес-инкубаторлар ашылады.

Техникалық және кәсіптік білім беруде инфрақұрылымды жаңғырту "Жас маман" жобасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Жоба қорытындысы бойынша әрбір өңірде дамыған материалдық-техникалық базасы, шетелдік әріптестері мен оқытушылары, жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламалары бар, сондай-ақ "APES Petro Technic" жоғары колледжі қағидаты бойынша бизнес ортамен әріптестігі бар кемінде 5 заманауи колледж жұмыс істейді. Аталған оқу орындары білім берумен қатар құзыреттілік орталығына айналады. 2025 жылға қарай экономика салалары бойынша 180 колледжді жаңғыртуды қамтамасыз ету көзделіп отыр.

"Жас маман" бағдарламасы шеңберінде ОПҚ мен білім алушылардың зерттеу және академиялық қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құру мақсатында 20 жоғары оқу орнының базасында қазіргі заманғы зертханалар, сондай-ақ 10 "Академиялық басымдықтар орталығын" құру көзделеді.

5.1.8. Білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің вертикалін енгізу

1. Барлық деңгейлерде білім беру саласын басқаруды жаңғырту

Білім беру жүйесінің барлық буындарында коммуникация мен басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында аудандық және қалалық білім бөлімдерінің облыстық білім басқармаларына тікелей бағынуы арқылы басқару вертикалі оңтайландырылатын болады.

Елдің стратегиялық міндеттерін іске асыру және жоғары оқу орындарында академиялық, кадрлық, ұйымдастырушылық және қаржылық дербестікті кеңейту үшін инновациялық менеджмент енгізіледі, ұйымдастырушылық-әкімшілік ортаның және шешімдер қабылдау жүйесінің редизайны жүргізілетін болады.

Білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру үшін басқарудың алқалық органдарын: байқау кеңестерін, мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы директорлар кеңестерін, мектепке дейінгі ұйымдардағы, мектептер мен колледждердегі қамқоршылық кеңестерін дамыту жалғастырылады.

Білім беру ұйымдары "Ашық бюджеттер" жобасын қолдайды, олардың сайттарында тиісті ақпарат қолжетімді болады.

Білім берудің барлық деңгейлерінде өз саласындағы көшбасшылар қатарынан басқарушылардың кадрлық резерві – "Жаңа формация жетекшісі" және "ТжКБ көшбасшыларының корпусы" бағдарламасы қалыптастырылады. Білім беру ұйымдары басшыларының КРІ бойынша қызметін бағалау, сондай-ақ білім беру ұйымдары басшыларын ротациялау тетігі пысықталатын және енгізілетін болады. Білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау жүйесі, сондай-ақ білім алушылардың контингентін, біліктілік санаттары мен басқа да өлшемшарттарды ескере отырып, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшыларына, басшыларының орынбасарларына еңбекақы және қосымша ақы төлеу тетіктері қайта қаралатын болады.

Білім беру ұйымдарының басшылары үшін менеджмент бойынша сертификатталған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, оның ішінде бюджеттен тыс қаражат және Дүниежүзілік банктің "Орта білім беруді жаңғырту" жобасы есебінен ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Икемді білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде колледждердің академиялық дербестігі үшін жағдайлар жасалатын болады.

Тең құқықтарды, балаларды мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына бөлу және қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызмет көрсетуді жаппай цифрландыру жалғастырылады. Электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетумен қамтылған мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарының үлесі артады.

ТжКБ ұйымдарының білім беру процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі құрылатын болады, ол талапкерлерді қабылдаудан бастап студенттердің бітіруіне дейінгі процестерді қамтиды.

Колледждерді кәсіпорындарға басқаруға берудің нормативтік құқықтық базасы әзірленетін болады.

Қазақстандық жоғары оқу орындары білім берудің цифрлық экожүйесін қалыптастырады. Бұл үшін жоғары оқу орындары басқарудың цифрлық және интеллектуалды сервистеріне көшеді.

Халыққа білім беру ұйымдары, олардың ресурстық қамтамасыз етілуі мен нәтижелілігін талдау нәтижелері, бос орындардың болуы, дипломдарды онлайн-тексеру және т.б. туралы ақпарат бере отырып, барлық білім беру ұйымдарының интерактивті онлайн-картасы құрылатын болады.

WorldSkills жобалық кеңсесі, үйлестіруші орган құрылатын болады, ол WorldSkills ұлттық құрамасының жаттығу лагерлерінде, WorldSkills шетелдік чемпиондарында дайындығын, сарапшыларды оқыту мен сертификаттауды, бизнес-қоғамдастықпен өзара іс-қимылды, кәсіптік бағдар беруді және оқушыларды WorldSkills қозғалысына тартуды жүйелі негізде реттейтін болады.

Объективті білім беру мониторингін құру мақсатында мемлекеттік органдардың деректер базасымен және бөлінген білім беру жүйелерімен, оның ішінде жоғары оқу орындарымен интеграциялай отырып, Ұлттық білім беру деректер қорын (бұдан әрі – ҰБДҚ) дамыту жұмысы жалғастырылады. ҰБДҚ-да білім беруді басқару жүйесінің транспаренттілігі мен тиімділігін арттыру үшін мектепке дейінгі білім беруден бастап жұмысқа орналасу сәтіне дейінгі оқушының білім беру процесінің қозғалыс траекториясының мониторингі жүзеге асырылатын болады. 2020 жылдан бастап ҰБДҚ онлайн-режимде жұмыс істейді. Блокчейн-технологиялар негізінде білім туралы құжаттардың түпнұсқалылығын тексеру жүйесі жұмыс істейтін болады.

Барлық мүдделі тараптарға объективті ақпарат беру үшін білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық баяндаманы, сондай-ақ өңірлік білім беру жүйесінің дамуы туралы жыл сайынғы баяндамаларды дайындау жалғастырылады.

Қоғамдық тыңдау онлайн-режимде ата-аналар қауымдастығының алдында оқу тоқсанының қорытындысы бойынша жалғасады. Ата-аналардың, жұртшылықтың, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен "Мектеп өмірінің бір күні" жобасын іске асыру жоспарлануда.

2. Орта білімді жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшіру және білім беруде ваучерлік жүйені енгізу

Барлық деңгейдегі білім беру қызметтерін алушылар бойынша қаржыландыру дербестендіріледі, яғни қаражатты алушыларға тікелей эскроу-шотқа бөлуге көшу жүзеге асырылған.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативі бойынша бөлінетін болады. Көрсетілетін қызметті алушылар меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымның кезектілігін басқарудың автоматтандырылған жүйесінде өз бетінше таңдайды. Нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдардың бәсекелестігі мен білім беру қызметтерінің сапасы артады.

Орта білім беруде 2020 жылы қала мектептерінің жан басына шаққандағы қаржыландыруға толық көшуі жүзеге асырылатын болады. Кейіннен ауылдық мектептерге кезең-кезеңімен көшу жоспарлануда.

Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету арқылы меншік нысанына қарамастан қосымша білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырысты орналастыру жолымен балаларды қосымша біліммен барынша қамту мәселесі пысықталатын болады.

Техникалық және кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу жұмысы жалғастырылатын болады.

Қаржылық жағдайларды қамтамасыз ету және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді тұрақты дамыту үшін жетекші әлемдік практикалар (сараланған гранттар; нәтижеге бағдарланған бюджеттеу, кредиттік-жан басына қаржыландыру) негізінде қаржы менеджментіне жаңа тәсілдер пысықталатын болады. Мемлекеттік тапсырыс құнын арттыру, сондай-ақ құжаттарды қабылдау рәсімін цифрландыруға көшу (online admission) көзделеді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру гранты студентке ваучер арқылы басқа жоғары оқу орнына өту құқығымен қосымша ақы төлеу шартымен беріледі.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінде педагогке жан басына шаққандағы норматив негізінде қаржыландырылатын ұйымды, оқытудың мазмұны мен мерзімдерін таңдау мүмкіндігін беретін ваучерлік-модульдік тәсіл зерделенеді және сынақтан өткізіледі.

2-мақсат. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында ғылымға арналған шығыстарды жалпы ішкі өнімнен 1 %-ға дейін ұлғайту көзделген. Оның ішінде 0,34 %-ын республикалық бюджет қаражатынан және бірлесіп қаржыландыру есебінен, 0,66 %-ын жеке инвестициялар қаражаты есебінен қаржыландыру жоспарлануда. Ғылымды мемлекеттік қаржыландыруды ұлғайту 2021 жылдан бастап қаржыландыруды бөлу тетіктерін реформалаудан кейін кезең-кезеңімен жүргізілетін болады. Бұл ретте 2025 жылы бірлесіп қаржыландыру үлесі ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде 1 %-ды, ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру шеңберінде 1 %-ды, ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (бұдан әрі – ҒҒТҚН) коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру шеңберінде 50 %-ға дейін құрайды.

Тұтас алғанда, ғылымға арналған шығыстарды 2025 жылы ЖІӨ-ден 1 %-ға дейін жеткізу үшін барлық мемлекеттік емес көздерден ғылымды қаржыландыруды ұлғайту шаралары қабылданатын болады.

Атап айтқанда, бизнестің ғылымға инвестиция салуға мүдделілігін арттыру үшін ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін арттыру (халықаралық патенттерді алу, жаңа технологияларды әзірлеу) жөнінде шаралар қабылданатын болады. Бұдан басқа

уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, жер қойнауын пайдаланушылардың өндіруге арналған шығыстарының бір пайызының қаражатын бөлу процесін бақылау тетіктері әзірленетін болады.

Міндеттер:

5.2.1. Ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту

Жас ғалымдарды қолдау гранттық қаржыландыруға арналып өткізілетін конкурстар шеңберінде, сондай-ақ тікелей жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар ішінде жүзеге асырылатын болады. Жас ғалымдарды барлық кезеңдерде белсенді қолдау PhD мен тағылымдамаларға арналған гранттар санын ұлғайту, жас ғалымдар топтары үшін ғылыми гранттар бөлу, қазақстандық жобаларды іске асыру үшін шетелдік ғалымдарды тарту арқылы жүзеге асырылатын болады.

Жастарды ғылымға белсенді тарту мақсатында жас ғалымдар қауымдастығы құрылады, ал ғылымды танымал ету және жас ғалымдардың санын арттыру үшін өңірлік ғылыми форумдар өткізіледі, ғылыми-танымал журналдар жасалады және ғалым кәсібінің беделін барынша насихаттау жүзеге асырылады.

Мемлекеттік ғылыми ұйымдардағы жаңа кадр саясатының мақсаттары (1) стратегиялық HR-менеджментті енгізу, (2) лауазымдардың жаңа архитектурасы, (3) бәсекеге қабілетті еңбекақы төлеу болып табылады.

Үш бағыт: ғылыми әлеуетті дамыту, кадр резервін күшейту және көшбасшыларды дамыту бойынша стратегиялық HR-менеджментті енгізу жөніндегі жұмыстар кешені жүргізілетін болады. Бұл ретте ғылыми ұйымдарды трансформациялау корпоративтік басқаруды, икемді қаржыландыруды және басқарушылық дербестікті енгізу жолымен жүргізілетін болады.

Ғылыми ұйымдардың кадрлық және басшылық құрамын қайта даярлау және шетелдік табысты ғалымдарды ғылыми ұйымдарға тарту бағдарламалары іске асырылады, сондай-ақ басшылық құрамның резерві қалыптастырылатын болады. Ғылыми ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын тағайындау кезінде нақты өлшенетін өлшемшарттармен ашық конкурс рәсімдерін енгізу жоспарланып отыр.

Ғылыми қызметкерлер шетелдік сарапшыларды тарта отырып, ғылыми жобалар бойынша өтінімдер дайындаудың кәсіби дағдыларына оқытудан өтеді.

Мемлекеттік ғылыми ұйымдарда жоғары ғылыми жетістіктерді ынталандыруға, жас таланттар мен неғұрлым нәтижелі ғалымдарды ғылымға тартуға және орнықтыруға үлкен назар аударылатын болады. "Ғылыми тәлімгер/Научный наставник" институты енгізілетін болады, бұл жас ұрпақ пен тәжірибелі ғылыми қызметкерлер арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Магистратура және PhD докторантура бағдарламалары ағылшын тілінде академиялық сауаттылыққа оқыту, ғылыми зерттеулер әдіснамасы бөлігінде жетілдірілетін болады. Докторанттарға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантураны бітіргеннен кейін 3 жыл

ішінде диссертация жұмысын тегін аяқтау және оны қорғау мүмкіндігі беріледі. Сондай-ақ постдокторантура бағдарламасы, бірінші кезекте, зерттеу жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда дамитын болады.

Лауазымдардың жаңа архитектурасын енгізу халықаралық практикаға сәйкес келетін лауазымдарды енгізуді көздейді.

PhD докторы дәрежесін дербес беру бойынша ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындарының тәжірибесі зерделенеді, бұдан әрі осы тәжірибені басқа жоғары оқу орындарына трансляциялау жөнінде шаралар қабылданатын болады. PhD докторанттарының жарияланымдарына қойылатын талаптар, академиялық адалдық қағидаттарын сақтау бөлігінде дәрежелер беру қағидалары жетілдірілетін болады; сондай-ақ шетелдік дипломдарды автоматты түрде тану өлшемшарттары қайта қаралады.

Ғалымдардың жалақысын арттыру жөніндегі шаралар қайта қаралатын болады. Базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі шығыстарды жоспарлау кезінде зерттеу тобының құрамындағы әрбір позиция үшін жалақының ең төменгі және ең жоғары мөлшерін белгілей отырып, еңбекақы төлеу нормативтері енгізілетін болады. Ғалымның жеке жетістіктеріне және оның зерттеу тобының немесе құрылымдық бөлімшенің құрамындағы ұжымдық жетістіктеріне байланысты жалақыға үстемеақы белгілеу жүйесі әзірленетін болады.

5.2.2. Ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру

Цифрландыру трендтерін ескере отырып, ғылыми инфрақұрылымды жаңарту және жаңғырту жөніндегі шаралар кешені әзірленетін болады.

Ғылым инфрақұрылымын жаңғырту (күрделі жөндеу жүргізу, жабдықтарды жаңарту, веб-ресурстарды, ғылыми ұйымдардың ақпараттық жүйелерін әзірлеу, лицензиялық бағдарламалық қамтылым, GLP, GSP халықаралық сертификаттау және стандарттау жүргізу) және ғалымдардың цифрлық дағдыларын дамыту (сертификатталған тренингтер) шаралары пысықталатын болады.

Ғылымды цифрландыруды дамыту мақсатында Қазақстан ғылымының бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылатын болады. Жүйенің мүмкіндіктері ғалымдардың өзекті дербес бейіндерін құруға және қолдауға, әрбір ғалымның мемлекеттік көздерден қаржыландырылатын зерттеулерге қатысу тарихын қалыптастыруға, оңтайлы ғылыми әріптестікті ұсынуға, қаржыландыруға өтінімдер мен ғылыми зерттеулер туралы есептерді жіберуге, сараптамадан өту мониторингін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді есепке алу, ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға жұмыстарды қабылдау, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу және т.б. бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер автоматтандырылады. Енгізу

нәтижесінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласында көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы артады.

ЭЫДҰ-мен ынтымақтастықты дамыту шеңберінде ҒЗТҚЖ, өнеркәсіп, технологиялар арасындағы байланыстар бойынша деректер базасы қалыптастырылады, сондай-ақ Қазақстан қосылған ЭЫДҰ-ның құқықтық құралдарының қағидаттары, атап айтқанда, мемлекеттік қаражат есебінен алынған деректерге ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша енгізіледі. Қазақстанның білім беру саясаты және ғылыми және технологиялық саясат жөніндегі ЭЫДҰ комитеттеріне қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық үйлестірушінің жұмысы жалғастырылады.

5.2.3. Ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету

1. Ғылым нәтижелілігін арттыру

Ғылым, технологиялар, инновациялар саласындағы болашақ көкжиегін анықтау және болжау жөніндегі әлемдік практиканы ескере отырып, форсайт-зерттеулер мен әртүрлі ғылыми бағыттардағы өзекті ғылыми үрдістерге мониторинг жүргізілетін болады. Форсайт және талдау нәтижелері бойынша нақты нарық қажеттіліктеріне бағдарланған ұзақ мерзімді кезеңге арналған басым ғылыми бағыттардың, пәнаралық ғылыми бағдарламалардың, түйінді өнімдердің, қызметтердің, технологиялардың өзектендірілген тізбесі қалыптастырылатын болады.

Ғылым нәтижелілігін арттыру жөніндегі шаралар кешені қабылданатын болады. Ол үшін ҒЗТҚЖ-ның түпкілікті нәтижелілігіне және индустрия мен бизнес тарапынан ғылыми нәтижелердің қажеттілігін арттыруға бағытталған тиімділіктің негізгі көрсеткіштері әзірленеді және енгізіледі. Ғылыми зерттеулер нәтижелерінің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін тұрақты бағалау жүргізілетін болады.

Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін басылымдарға қойылатын талаптар, атап айтқанда міндетті "көрмей" рецензиялау, қажетті техникалық стандарттарды сақтау, редакциялық алқалар мен рецензенттердің деңгейін арттыру және т.б. қайта қаралатын болады. Ғылыми жарияланымдардың сапасын арттыру нәтижесінде қазақстандық 50 ғылыми журнал халықаралық ғылыми деректер базаларында индекстелетін болады.

Ғылыми зерттеулердің басым міндеттерін шешуге мемлекеттік қаржыландыруды бағдарлау үшін нормативтік құқықтық актілерге ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға қойылатын талаптарды нақтылау, сондай-ақ олардың арасындағы нақты шектеуді белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізілетін болады.

2021 жылдан бастап гранттық қаржыландыруға арналған конкурстар жыл сайын өткізілетін болады, бұл әрбір мамандандырылған ғылыми бағыт шеңберінде перспективалы идеялардың көп санын қолдауды қамтамасыз етеді, ғылымға мемлекеттік қаржыландыруды жоспарлы түрде ұлғайту үшін жағдай жасайды, кадрлардың ғылыми ортадан кетуін қысқартады.

Елдің жетекші университеттерінің базасында ҒҒТҚН және технологияларды коммерцияландыру офистерін дамыту саясаты жалғасатын болады.

Мүдделі бизнес-әріптестер тарапынан қолданбалы ғылыми зерттеулерді бірлесіп қаржыландыру практикасы жалғасатын болады. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобалары үшін жобаны іске асыруға бизнестің қосқан үлесінің болуы туралы талаптар жобаның жалпы құнынан 50%-ға дейін кезең-кезеңімен ұлғайтылатын болады.

Бұған қоса ғылымды өңірлердің жергілікті міндеттерін шешуге бағдарлау мақсатында жергілікті атқарушы органдарға ғылыми зерттеулерді қосымша қаржыландыру, оның ішінде зерттеулерді гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде не басқа да көздерден бірлесіп қаржыландыру жөніндегі өкілеттіктерді беру мәселесі пысықталатын болады.

2. Ғылымды мемлекеттік қаржыландыруды тиімді және ашық бөлу және ғылыми ұйымдарда жоспарлау жүйесін жетілдіру

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында ғылымға арналған шығыстарды жалпы ішкі өнімнен 1 %-ға дейін ұлғайту көзделген. Ғылымды мемлекеттік қаржыландыруды ұлғайту 2021 жылдан бастап қаржыландыруды бөлу тетіктерін реформалаудан кейін кезең-кезеңімен жүргізілетін болады. Бұл ретте мемлекеттік емес көздерден ғылымды қаржыландыру үлесі 2025 жылға қарай 35 %-ға дейін ұлғайтылатын болады.

(1) Ғылыми ұйымдарды дамытуды ұзақ мерзімді жоспарлау, (2) ғылыми зерттеулердің тұтастай алғанда ғылыми ұйымдарды дамытумен өзара байланысын қамтамасыз ету және (3) ғылымды мемлекеттік қаржыландыруды пайдаланудың айқындылығын арттыру мақсатында ғылымды мемлекеттік қаржыландыруды қамтитын мынадай үш деңгейлі жүйені енгізу қажет:

- 1) 10 жылға арналған миссия, пайымдау және стратегия;
- 2) 5 жылға арналған даму бағдарламасы (нақтыланған стратегия);
- 3) жыл сайынғы қызмет жоспарлары.

Ұлттық ғылыми кеңестерді іргелі және қолданбалы зерттеулерге бағдарлау жөніндегі мәселелер пысықталатын болады.

3. Ғылымды интернационалдандыру

Ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастық қазақстандық ғылыми қызметкерлердің ірі шетелдік зертханалық кешендерде жұмыс жүргізетін халықаралық ұжымдарға қатысуын көздейді. Ғылыми ұйымдардың халықаралық ғылыми орталықтармен стратегиялық әріптестігі жалғасатын болады.

Ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қолдау үшін жетекші шетелдік ғылыми орталықтар мен университеттерде жұмыс істейтін отандастарды тарту үшін арнайы бағдарламалар әзірленетін болады.

Халықаралық зерттеулерді гранттық қаржыландыруға жекелеген конкурстар көзделетін болады, бұл ғылыми қызметкерлердің өндірістік және нәтижелі қызметке деген ынтасын, кәсіби өсуі мен ұтқырлығын арттыруға алып келеді.

Халықаралық ғылыми гранттар мен жобалар туралы ақпараттың интернет-платформа – агрегаторын құру аяқталатын болады, 2020 жылдың соңына дейін оған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің барлық аккредиттелген субъектілері үшін қол жеткізу қамтамасыз етілетін болады.

Қазақстандық ғылымның әлемдік ғылыми қоғамдастыққа кірігуін тереңдету мақсатында халықаралық зерттеулерге арналған гранттарға қосымша ғалымдарды ағылшын тіліне, жоғары технологиялық ортада жұмыс істеуге және халықаралық және шетелдік қорлар қаржыландыратын ғылыми зерттеулерге өтінімдер беру рәсімдеріне оқыту жалғастырылатын болады.

6-бөлім. Қажетті ресурстар

2020 – 2025 жылдары білім мен ғылымға арналған бюджет шығыстарын кезең-кезеңімен ұлғайту, 2025 жылға қарай олардың жалпы ішкі өнімдегі үлесінің дамыған елдердің орташа деңгейіне дейін өсуін қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Болжанатын қаржылық шығындар (күрделі және ағымдағы)

млрд. теңге

Жылдар бойынша	Барлығы	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Басқа көздер	Ж е к е инвестициялар
Жиыны:	11 578	9 565	716	13	1284

2020 – 2025 жылдарға арналған Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын болады. Жергілікті атқарушы органдар іске асыратын іс-шаралар жоспарлы кезеңге арналған жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде орындалатын болады.

Қазақстан Республикасында
білім беруді және ғылымды
дамытудың 2020 – 2025 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасына
қосымша

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар	Оның ішінде
1.						

						2020
1	2	3	4	5	6	7
1-мақсат: Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар неі						
1.	1-нысаналы индикатор. 1-6 жас аралығындағы					81
	3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту	%			Ж А О , БҒМ	100
2.	2-нысаналы индикатор. 15 жастағы қазақстандық оқушылардың PISA (ЭЫДҰ) халықаралық зерттеуіндегі нәтижелері	балл			Ж А О , БҒМ	
3.	3-нысаналы индикатор. Балалардың әл-ауқаты индексі	0-ден 1-ге дейінгі шкала (балл)			Б Ф М , ЖАО	
4.	4-нысаналы индикатор. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ТЖКБ оқу орындарын бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі	%			Ж А О , Б Ф М , Еңбек министрі, Д С М , А Ш М , МСМ	64
5.	5-нысаналы индикатор. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі	%			БҒМ, Еңбек министрі, ЖОО (келісу бойынша)	70
1-міндет: Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту						
1.	1-нәтиже көрсеткіші. Педагог жалақысының экономика бойынша орташа еңбекақыға арақатынасы (%)	%			Б Ф М , ЖАО, Қаржы министрі	63,5
